

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
«M.S.Narikbayev atyndagy KAZGUU Universiteti» АҚ

ҚАРАБАЕВА ГҮЛДЕН АЙТБАЙҚЫЗЫ

Оңалту және банкроттық рәсімдердегі әкімшінің құқықтық мәртебесі

Білім беру бағдарламасы 7М04211 – «Құқықтану»

Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін Диссертация

Нұр-Сұлтан, 2021

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
«М.С.Нарикбаев атындағы КАЗГУУ Университеті» АҚ

«Қорғауға жіберілді»
Бағдарлама жетекшісі/координаторы

«__» _____ 20__ ж.

МАГИСТРЛІК ДЕССЕРТАЦИЯ

Такырыбы: «Оңалту және банкроттық рәсімдердегі әкімшінің құқықтық мәртебесі»

Білім беру бағдарламасы 7М04211 – «Құқықтану»

Орындады



Г.А.Қарабаева

Ғылыми жетекшісі



Ph.D М.А.Естемиров

Нұр-Сұлтан , 2021

Магистрлік диссертацияларды (жобаны) дайындаудың күнтізбелік жоспары

Жоба кезеңдерінің атауы	Мерзім	Жобаның кезеңдерін іске асыру туралы белгі			
		Нақты орындау мерзімі	Жобаның орындалған кезеңінің дайындық дәрежесі	Магистранттың (магистранттардың) қолы	Ғылыми жетекшінің (ғылыми жетекшілердің) қолы)
Әдебиет пен практикалық материалдарға шолуды жүзеге асыру	30.10.2019	30.10.2019	100%		
Әдіснаманы әзірлеу	29.11.2019	29.11.2019	100%		
Деректерді жинау және өңдеу	01.12.2019 12.12.2020	12.12.2020	100%		
Алынған нәтижелерді талдау және түсіндіру	15.04.2021	15.04.2021	100%		
Жоба бойынша ұсынымдар әзірлеу	20.04.2021	20.04.2021	100%		
Кіріспе мен қорытынды дайындау	14.02.2020	14.02.2020	100%		
Диссертацияларды (жобаны) ресімдеу: Жобаның I бөлімін дайындау	02.06.2020	02.06.2020	100%		
Жобаның II бөлімін дайындау	10.09.2020	10.09.2020	100%		
Жобаның III бөлімін дайындау	15.12.2020	15.12.2020	100%		
Ғылыми жетекшінің (ғылыми жетекшілердің) пікірін алу	20.05.2021	20.05.2021	100%		
Баяндама, көрнекі құралдар мен презентациялар дайындау	21.05.2021	21.05.2021	100%		
Магистрлік диссертацияларды (жобаны) қорғау	25.05.2021	25.05.2021			

Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі С.Б. Қарабаева (Аты-жөні, лауазымы және қолы)

Жоспар орындалуға қабылданды: Қарабаева Г.А. (Аты-жөні, магистранттың қолы)

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар тізімі.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 БӨЛІМ. ОҢАЛТУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМДЕРІНІҢ ҚАТЫСУШЫСЫ РЕТІНДЕ ӘКІМШІ МӘРТЕБЕСІНІҢ СИПАТЫ.....	10
1.1 Әкімші атқаратын қызметтің құқықтық мәні: қазақстандық және шетелдік тәжірибе.....	10
1.2 Борышкердің төлемқабілетсіздігі рәсімдеріне әкімшіні тағайындау тәртібі.....	16
1.3 Банкроттық немесе оңалту рәсімдерінен әкімшіні шеттету негіздері.....	22
1.4 Әкімшіге қызметі үшін төленетін сыйақы.....	30
Тұжырым А.....	35
2 БӨЛІМ. ОҢАЛТУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМДЕРДЕГІ ӘКІМШІНІҢ БЛІКТІЛІГІ.....	36
2.1 Әкімші борышкердің жалғыз басқарушы органы ретіндегі құзыреттіліктер шегі.....	36
2.2 Оңалту немесе банкроттық рәсімдерге мамандарды тарту мәселесі.....	40
2.3 Әкімшінің өз өкілеттіліктерін борышкердің орналасқан жері бойынша жүзеге асыру міндеті 47	
Тұжырым Б.....	53
ҚОРЫТЫНДЫ.....	54
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	58
ҚОСЫМША.....	63

Қысқартулар тізімі

ҚР - Қазақстан Республикасы

РФ - Ресей Федерациясы

МКК - Мемлекеттік кірістер комитеті

МАЭС - Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

АК - Азаматтық Кодекс

КІРІСПЕ

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі аспектілерден көрініс табады. Біріншіден, «Қазақстан - 2050» бағдарламасына сай кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау ұзақ мерзімді стратегиялардың бірі болып табылады. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің артуын контрагенттердің көбеюімен теңестірсек, бұл міндеттемелік қатынастардың көптеп туындауын білдіреді. Ал міндеттемелік қатынас бар жерде, әрқашан оның орындалмау тәуекелі болады. Сондықтан, әрбір бизнес субъектісін оңалту немесе банкроттық рәсімдер бойынша әлеутті борышкер ретінде қарастыруға болады. Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық материалдарына сай 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 2800 борышкерге қатысты банкрот деп тану туралы сот шешімдері, 329 борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімдері заңды күшіне енген болатын.¹ Борышкер кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға дәрменсіз жағдайында орын алатын рәсімдер әкімшінің қатысуынсыз орын алмайтындығы белгілі. Екіншіден, «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасының 97-қадамын банкроттық және оңалту рәсімдеріндегі әкімшінің қызметіне қатысты қолдануға болатындықтан, әкімшінің құқықтық мәртебесін анықтау маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта әкімшінің банкроттық не оңалту рәсімдерінде жүзеге асыратын әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) қатысты біршама құқықтық мәселелер туындауда. Бұл мәселелер сот практикасының нәтижесінде туындағандықтан, оларға ғылыми анализде белгілі тәжірибе қалыптасқаннан кейін жасалады. Көрініс тапқан заңнамалық деңгейдегі кемшіліктер, тәжірибелік деңгейде сот практикасында кездесетін өзара келіспеушілік, екі деңгей арасындағы қайшылықтар, соттарға құқықбұзушылықты алдын алуға қатысты, басқа да сұрақтар бойынша объективті және қажетті позиция қалыптастыруға кедергі болатыны анық. Осы аталған тұжырымдар әкімшінің құқықтық мәртебесін жан-жақты, толық зерттеу қажеттігін көрсетуде.

Диссертациялық жұмыстың **мақсаты** оңалту және банкроттық рәсімдердің басты қатысушыларының бірі ретінде әкімшіге қатысты ғылыми түсінік құрудан және әкімшінің құқықтық мәртебесін анықтауға байланысты туындайтын мәселелерді шешуге арналған ұсыныстар

¹ Өздеріне қатысты соттың банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану, банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімі заңды күшіне енген борышкерлер тізімі // <https://kgd.gov.kz/ru/content/spiski-nesostoyatelnyh-dolzchnikov-1-4> (19.05.2021 ж. 22:35)

қалыптастырудан тұрады. Алға қойған мақсатымыз келесідей зерттеу **міндеттерді** жүзеге асыру қажеттігін айқындады:

– Әкімші субъектісінің оңалту және банкроттық рәсімдердің қатысушысы ретінде заңи мәнін анықтау арқылы құқықтық мәртебесін зерттеу;

– Оңалту және банкроттық рәсімдерде әкімшінің қызметіне толық құқықтық сипаттама беру;

– Әкімшінің оңалту және банкроттық рәсімдерге қатысушы басқа субъектілермен қарым-қатынасының құқықтық табиғатын анықтау;

– Әкімшінің оңалту және банкроттық рәсімдерде атқаратын құзыретіне қатысты мәселелерге анализ жасау;

– Қазақстан Республикасының және шет елдердің заңнамалық, доктриналдық, құқыққолданушылық тәжірибесіне салыстырмалы талдау арқылы анализ жасау.

Зерттеу **объектісі** – оңалту және банкроттық рәсімдерде әкімші қатысатын құқықтық қатынастар.

Диссертациялық зерттеудің **пәні** ретінде Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында әкімші қатысатын құқықтық қатынастарды реттейтін банкроттық және азаматтық заңнаманың нормалары, әкімшінің қызметі мен құзыретіне байланысты сот практикасы мен доктриналдық тұрғыдағы материалдар болып табылады.

Зерттеудің теориялық негізі. Диссертация аясында қозғалатын мәселеге қатысты Қазақстанда теориялық базаның қалыптаспағандығынан, Ресей Федерациясы ғалымдарының жұмыстарын басшылыққа алдық. Ресей ғалымдарының ішінде А.В.Егоров, Ю.В.Тай, А.П.Шафранов, Т.П.Шишмарева, Р.В.Филиппов, А.В.Юхнин және тағы да басқалардың еңбектері кеңінен қолданылды.

Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының банкроттық және оңалту рәсімдеріне қатысты туындайтын құқықтық қатынастарды реттейтін банкроттық, азаматтық, кәсіпкерлік заңнамалық актілері **зерттеудің нормативтік базасын** құрайды.

Зерттеудің тәжірибелік негізін Қазақстан мен Ресей Федерациясының сот тәжірибесінде кездескен едәуір маңызды сот актілері қамтиды, өйткені, отындық сот практикасында банкроттық құқық саласындағы заңнамалардың қолданылуы мәселе тудырғандықтан, осы істердің негізінде құқықтық моделдеу әдісін қолдану арқылы заңнамаға анализ жасалды.

Диссертацияны жазу барысында жалпы ғылыми, жеке ғылыми және арнайы **әдістердің** келесі түрлері қолданылды: анализ, синтез, индукция, дедукция, салыстырмалы-құқықтық және құқықтық моделдеу. Диалектикалық және логикалық әдістер диссертация аясында заңнамалық

нормалар мен қалыптасқан сот тәжірибесінің арақатынасында өзара қайшылықтарды зерттеу барысында кеңінен қолданылды. Арнайы әдістер отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстыру арқылы және шетелдік тәжірибені қазақстандық құқықтық жүйеге үйлестіру арқылы тұжырымдарымызды негіздеуге мүмкіндік ашты.

Диссертациялық зерттеудің **жаңалығы**. Қазақстан Республикасында оңалту және банкроттық рәсімдердегі әкімшінің құқықтық мәртебесіне қатысты теориялық кешенді зерттеу жүргізілмегендіктен, осы зерттеу жұмысы барысында шетелдік тәжірибені басшылыққа ала отырып, қазақстандық заңнаманы жетілдіру жолында және еліміздің доктриналдық базасының дамуына ықпалын тигізу үшін жасалынған қадам болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесідей қорғауға шығарылатын ережелерден көрініс табады:

1. Заңнамалық дәрежеде және отандық доктринада «әкімші» субъектісінің құқықтық мәртебесінің айқындалмауы, оның қызметінің мәнін, оның ішінде түрін, мақсатын, міндеттері мен қағидаттарын анықтауға мүмкіндік бермейді. Осы орайда «әкімші» ұғымына келесідей анықтама берілді: «Әкімші ретінде борышкердің төлемқабілетсіздігі жағдайында сотқа істі қарауға көмектесу және рәсімге қатысушы тұлғалардың мүдделерінің теңдігін сақтау мақсатында өзіне Заңмен жүктелген өкілеттіктерді адал, әділ және парасатты түрде жүзеге асырушы кәсіби қызмет субъектісі танылады».

2. Оңалту немесе банкроттық рәсімдеріне әкімшіні тағайындау мен шеттету тәртіптерінің арақатынасы адалдық қағидасына сай келмейді, нақырақ айтқанда әкімші мәртебесіне үміткерлерге дайындық бағдарламалары қарастырылмастан, әкімшілерді рәсімнен олардың тарапынан орын алған қателіктер үшін шеттету жағдайлары бір-бірімен жанаспайды. Сондықтан да уәкілетті органға дайындық, тағылымдама бағдарламаларын әзірлеу ұсынылады.

3. Әкімшіні кредиторлар жиналысының шешімімен шеттету негізі әкімшінің бейтараптылық қағидасын сақтауына тосқауыл болады. Сондықтан, уәкілетті органға осындай хаттама келіп түскенде, оның негізділігін тексеру жүктелуі тиіс.

4. Әкімшілердің арасында кеңінен таралған оңалту не банкроттық рәсімдеріне қосымша көмекшілерді тарту әкімшінің адалдығына күмән туғызады. Әкімшінің оңалту не банкроттық рәсімнің аясында атқаратын өкілеттіктерінің көп болуы, оған рәсімге қосымша мамандарды тартыруға себеп болуы тиіс. Алайда, бұл тектес мамандар тек арнайы білімге ие болуы тиіс.

5. Әкімшінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау әрекеттері кредиторлар мен борышкердің мүддесіне қарсы келетін болса, рәсімге тартылған заңгерге төлетін сыйақы мүліктік массадан алынбауы қажет, бұл әкімшінің жеке шығындары ретінде қарастырылуы тиіс.

6. Әкімшінің борышкердің орналасқан жері бойынша өз өкілеттіктерін жүзеге асыру міндеті әкімші тұрақты тұратын әкімшілік территорияның шегінде жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Диссертация аясында жасалынған тұжырымдар банкроттық құқық саласында туындайтын мәселелерді әрі қарай зерттеуге мүмкіндік ашуы мүмкін. Сәйкесінше, осы тұжырымдар мен ұсыныстар банкроттық құқық саласындағы заңнамаларды түсіндіру, жетілдіру мақсаттарында құқықшығармашылық қызметте, сот тәжірибесінде және жоғары оқу орындарында «Банкроттық құқық» дисциплинасында қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертация М.С.Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің азаматтық құқық және азаматтық процесік құқық кафедрасымен талқыланып, орындалды. Зерттеу нәтижелері «Банкроттық құқық» дисциплинасының аясында студенттерге жүргізілген дәріс барысында қолданылды. Сәйкесінше, зерттеулер барысында жасалынған тұжырымдар автордың ғылыми публикацияларында көрініс тапты.

Диссертациялық зерттеудің **құрылымы** кіріспеден, тоғыз бөлімшені қамтитын екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 БӨЛІМ. ОҢАЛТУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМДЕРІНІҢ ҚАТЫСУШЫСЫ РЕТІНДЕ ӘКІМШІ МӘРТЕБЕСІНІҢ СИПАТЫ

1.1 Әкімші атқаратын қызметтің құқықтық мәні: қазақстандық және шетелдік тәжірибе

Борышкердің төлемқабілетсіздігі жағдайының тұрақты не уақытшылығына қарай оған қатысты банкроттық немесе оңалту рәсімдері қозғалады. Бұл рәсімдерде маңызды рөлді атқаратын субъект – әкімші. Әкімші өз кезегінде, банкроттық рәсімге қатысты уақытша басқарушы және банкроттық басқарушы ретінде әрекет етсе, оңалту рәсімінің аясында уақытша әкімші және оңалтуды басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады. Алайда, бүгінгі күнге дейін әкімшінің құқықтық мәртебесіне, қызметінің құқықтық табиғатына қатысты ғалымдардың арасында біркелкі пікір қалыптаспады. Бұның себебі ретінде әкімшінің қызметінің көп қырлы болуымен түсіндіруге болады. Осы ретте, әкімшінің құқықтық табиғатына қатысты келесідей мүмкін болар теориялар кездеседі: (1), өкілдік теориясы; (2), сенімді басқару теориясы; (3), заттық теория; (4), еңбек қатынастары негізінде қызмет теориясы; (5), борышкердің органы теориясы; сондай-ақ, бейтарап әрекет теориясы. Дегенмен, бұл теориялардың арасында өкілдік теориясын қолдаушыларының басым болуынан, осы теорияны талдап өтуді жөн санаймыз.

Әкімшінің қызметінің мәніне қатысты бұл теория шеңберінде келесідей тұжырымдар кездеседі:

- Борышкердің өкілі;
- Кредиторлардың өкілі;
- Мүліктік массаның өкілі;
- Жария билікті білдіретін лауазымды тұлға.

Егоров Андрей Владимировичтің пікірінше, Ресейде бұл Ресей Федерациясының (бұдан әрі - РФ) Жоғарғы арбитраждық сотымен қалыптасқан сот тәжірибесінің қысымымен борышкердің дәрменсіздігі рәсімінің барысында арбитраждық басқарушының өз атынан әрекет ету жағдайынан борышкердің атынан әрекет ететін тұлға ретінде саналуы факторына өзгерді. Айта кету керек, РФ «арбитраждық басқарушы» деп аталатын субъект, Қазақстанда «әкімші» ретінде белгілі, сондықтан РФ тәжірибесі туралы сөз қозғалғанда «арбитраждық басқарушы» ұғымы қолданылады.

Демек, Ресейде арбитраждық басқарушы борышкердің өкілі ретінде қабылданады. Ресейде арбитраждық басқарушының борышкердің өкілі ретінде танылауына ықпал еткен басты күш – банкроттық құқықтық қатынастарды реттейтін заң нормалары болды. Азаматтық заңнама

нормаларына сай арбитраждық басқарушы борышкердің атынан бейбітшілік келісімге келеді, борышкердің атынан мәмілелердің жарамсыздығын даулайды, борышкердің атынан борышкердің лауазымды тұлғаларын субсидиярлық жауапкершілікке тартуды сұрайды және бұл әкімшінің борышкердің атынан жүзеге асыратын әрекеттерінің соңы емес.²

Шафранов Андрей Павлович банкроттық рәсімдерде арбитраждық басқарушының қызметі оның борышкердің өкілі ретінде танылу жағдайына жақындығын қолдап, А.В.Егоровтың пікірімен келіскенімен, бұл тұжырымның бақылау рәсімдерінде не азаматтың берешегін қайта құрылымдау рәсімдеріндегі арбитраждық басқарушылардың құқықтық табиғатын өкілдік теориясымен түсіндірілуіне күмәнданады. Бұл жолда өз тұжырымын дәлелдеу мақсатында келесідей жағдайларды келтіреді:

1) Арбитраждық басқарушы борышкердің мүлікін сату, борышкердің атынан шарттар жасасу не орындаудан бастарту жағдайларында, ол борышкердің өкілі не борышкер-заңды тұлғаның органы ретінде әрекет етеді, сәйкесінше аталмыш теориялар қолданылады;

2) Конкурстық рәсімде арбитраждық басқарушы жұмыскерлермен еңбек қатынастарын тоқтату кезінде жұмыс беруші ретінде әрекет етеді, бұны автор арбитраждық басқарушының құқықтық табиғатының мәні еңбек қатынастарына негізделетіндігімен түсіндіреді.³

Осылайша, Андрей Шафранов арбитраждық басқарушының құқықтық мәртебесін анықтау үшін оның құқықтық қатынастарда қандай рөлде қатысқанына қарамастан, барлық жағдайда оған тән болатын ажырамас ерекшеліктерін айқындау қажеттігін көрсеткен болатын. Бұл жоғарыда айтып өткеніміздей, борышкердің дәрменсіздігі жағдайына қатысты рәсімнің аясында әкімші уақытша әкімші, уақытша, банкроттық және оналтуды басқарушы ретінде қатысады, сәйкесінше бұл оның рәсімге қатысушы басқа да субъектілермен болатын құқықтық қатынастардың алуан түрлілігіне алып келеді. Бұл проблематика Қазақстанды айналып өтпегені рас, елімізде заңнамалық дәрежеде және доктриналық тұрғыда бұл басы ашылмаған мәселе болып қалуда.

Біріншіден, А.В.Егоровтың мақаласынан түсінетініміз, Ресейде арбитраждық басқарушының борышкердің өкілі ретінде қарастырылуына әсерін тигізген күш – заңнама нормалары болды. Егер А.В.Егоровтың тәсіл-

² Егоров А.В. Арбитражные управляющие: правовая природа, статус, вознаграждение за труд // Журнал Российской школы частного права. 2019 жыл. №4 басылым, 55-74 беттер

³ Шафранов А. П. Правовой статус арбитражного управляющего // Цивилистика. 2020 жыл. №5 басылым. 27 бет.

тұжырымын Қазақстанның заңнамасының призмасынан өткізетін болсақ, отандық заңнама бойынша да әкімшінің борышкердің атынан әрекет ететін жағдайлары бар, мысалы, 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңның (бұдан әрі - Заң) 8, 71, 88, 89, 90, 90-1-баптарында көзделген әкімшінің өкілеттіктері борышкердің атынан жүзеге асады.

Екіншіден, Т.П.Шишмареваның пікірі бойынша арбитраждық басқарушы борышкердің жалғыз органының өкілеттігін атқарған жағдайда, ол өзінің атынан және борышкердің атынан әрекет етеді.⁴ Енді Заңның 12-бабының 6-тармағына назар аударатын болсақ, оңалту және банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде борышкердің барлық органдары басқарудан шеттетіліп, борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде уақытша әкімшіден басқа әкімшілер танылады. Сәйкесінше, әкімші борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде өкілеттігінің шегінде өз атынан әрекет етсін не борышкердің атынан әрекет етсін, бұның құқықтық салдарлары борышкерге қатысты туындайтыны анық. Бұл жағдайда әкімшінің құқықтық табиғатына қатысты әкімшіні борышкердің органы ретінде тану теориясы басымдыққа ие болып, өзінде әкімшінің борышкердің өкілдік теориясын қамтитындығы анық. Қорытынды ретінде отандық заңнамалық норманың негізінде әкімшіні борышкердің органы ретінде танитындығын айтуға болады, алайда бұл тұжырымнан уақытша әкімшінің тыс қалатындығын аңғарамыз, өйткені ол борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде танылмайды. Демек, уақытша әкімшінің құқықтық табиғатына қатысты заңнама анық жауап бермейді.

Әкімшінің құқықтық табиғатына қатысты А.В.Егоров, Швейцарияда әкімші – борышкердің өкілі, Австрияда - мүліктік массаның өкілі, Германияда – өз атынан борышкер мен оның мүліктік массасы үшін құқықтық салдарлар туғызуға құқығы бар ерекше лауазымды тұлға ретінде танылатындығын көрсетеді. Демек, Германияда әкімшінің мәртебесі одан кредиторлардан және борышкерден тәуелсіз болу арқылы өз өкілеттіктерін жүзеге асыруды талап етеді. Алайда, әкімшінің борышкердің өкілі ретінде қарастырылуы, одан міндетті түрде борышкерге тәуелді болуын талап етпейді, сол сияқты әкімшінің борышкердің өкілі болуы, оның, борышкердің емес, алдымен кредиторлардың мүддесінде қызмет етуіне кедергі келтірмейді. Бұл жөнінде В.А.Ряшенцевтың пікіріне сәйкес өкілдік

⁴ Шишмарева Т.П. "Институт несостоятельности в России и Германии" // "Статус", 2015 жыл. 55 бет // <http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=CMB&n=17874#07507019131972312>

теориясында өкілдік берушінің (біздің жағдайда – борышкер) мүддесін білдіру ажырамас элемент емес, алайда бұл әкімшінің борышкердің мүддесінде әрекет етпейтіндігін білдірмейді, негізінен өкіл өзінің және үшінші тұлғалардың (біздің жағдайда – кредиторлардың) мүддесінде әрекет ете алады.⁵ Демек, өкілдік теория бойынша әкімші борышкердің және кредиторлардың мүддесінде әрекет еткенімен, әкімшіге қатысты өкілдік теориясының маңызды бағыты – өзінің әрекеттерінің негізінде борышкердің тұлғасында құқықтық салдарлар туғызуы болып табылады.

Бұл мәселе бойынша А.В.Егоров Германияда және Ресейде қалыптасқан тәжірибені салыстыру арқылы Германиядағы әкімшінің «өз атынан әрекет ету» жағдайы, біріншіден, бұл тек формальды тұрғыда, екіншіден, екі тұжырымның да нәтижесі бір, яғни әкімші өз атынан немесе борышкердің атынан өз өкілеттілігінің шегінде қандай әрекет жасамасын, оның салдары борышкерге қатысты туатындығын көрсетеді.⁶

Келесі тұжырым бойынша әкімші кредиторлардың өкілі ретінде қарастырылады, алайда бұл теория ғалымдардың арасында қолдау таппаған болатын. Өйткені, бұл тұжырымды қолдаушы ғалымдарға әкімшінің әрекетінің негізінде құқықтық салдарлардың кредиторларға қатысты туындамау себебін түсіндіру қиын.

Сондай-ақ, азаматтық айналымда борышкер адалдық қағидасын ұстанып, өзіне алған міндеттерді орындауға тырысады, ал борышкердің төлемқабілетсіздігі жағдайында әкімші кредиторлардың мүддесінде әрекет еді, өйткені борышкер мен кредиторлардың арасындағы міндеттемелердің аяқталуына басты қызығушылық борышкердің тарапынан болады.⁷ Бұл тұжырыммен толықтай келісу қиындық туғызады, өйткені бұл тұжырымның негізі әкімшінің қызметін емес, борышкердің адалдығында жатыр.

Осы айтылғандардан келесідей тұжырым шығады: «Әкімшінің қызметі, оның өзіне Заңмен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру нәтижесі борышкер үшін құқықтық салдарлар туғызады».

Әкімшінің құқықтық мәртебесі оның қызметінің мақсаты, міндеттері мен қағидаттары арқылы қарастыру жөн болар еді. Бұл жерде оның өзіне Заңмен

⁵ Рясенцев В.А. Представительство и сделки в современном гражданском праве // М.Статут, 2006. – 383-384 бет

⁶ Егоров А.В. Арбитражные управляющие: правовая природа, статус, вознаграждение за труд // Журнал Российской школы частного права. 2019 жыл. №4 басылым, 55-74 беттер

⁷ Филиппов Р.В. Статус конкурсного управляющего. Как судебная практика повлияла на изменения ГК РФ // Арбитражная практика. 2015 жыл. № 4 басылым. <https://e.arbitr-praktika.ru/385351>

бекітілген өкілеттіктерін іске асыру барысында басшылыққа алатын қағидаттарын түсіну қажет, өйткені осы факторлар оның қызметінің сапасын, дұрыстығының негізін айқындайды.

Осындай міндеттердің бірден-бір көрінісі ретінде РФ 2002 жылғы 26 қазандағы №127-ФЗ «Дәрменсіздік (банкроттық) туралы» федералдық заңының (бұдан әрі - РФ банкроттық туралы Заңы) 20.3.-бабының 4-тармағына сай арбитраждық басқарушыға жүктелген, оның банкроттық рәсімдерді жүргізу барысында борышкердің, кредитордың, қоғамның мүддесінде адал және парасатты әрекет ету міндетін айта аламыз. Бұл тектес міндет отандық әкімшілер үшін Заң мазмұнымен бекітілмеген.

Осы міндеттің өзі арбитраждық басқарушылардың басшылыққа алатын қағидаттарын айқындап отыр, яғни бұл: «адалдық», «әділдік» және «парасаттық» қағидаттары олардың қызметінің призмасы ретінде есептеледі.

РФ Конституциялық Соты 2005 жылдың 19 желтоқсанындағы №12-П қаулысының 3-тармағында келесі тұжырымды көрсеткен болатын: «Банкроттық рәсімдер жария құқықтық сипатқа ие, кредиторлардың көпшілікке бағынуын мәжбүрлеуді көздейді, ал бұл бірыңғай пікірді қалыптастырмайтындықтан, талап қою құқығы көзделді. Банкроттық рәсімдерге қатысушылардың мүдделерінің, қызығушылықтарының көп жағдайда қарама-қарсы болуынан, заң шығушы бұл тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарының теңдігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл банкроттық институтының жария құқықтық мақсаты болып табылады. Бұл мақсатқа жетуді арбитраждық басқарушы жүзеге асырады және оның өкілеттіктерінің белгілі бір бөлігі жария құқықтық сипатқа ие. Оның шешімдері орындалуға міндетті және біршама тұлғаларға құқықтық салдар туғызады».⁸ Осылайша, Конституциялық сот арбитраждық басқарушының қызметінің мақсатын толық әрі дұрыс анықтап берді деген пікірдеміз.

Бұл жерде келесідей тұжырым шығады: «Әкімші өз қызметінің аясында адал, әділ және парасатты әрекет ете отырып, рәсімге қатысушылардың мүдделерінің теңдігін қамтамасыз етуі тиіс».

Сол сияқты, Заң нормаларына назар аударсақ, әкімші өз қызметін істі қарау кезінде бастап, оны банкроттық не оңалту рәсімінің аяқтау кезімен

⁸ Постановление Конституционного Суда РФ от 19.12.2005 №12-П «По делу о проверке конституционности абзаца восьмого пункта 1 статьи 20 Федерального закон «О несостоятельности (банкротстве)» в связи с жалобой гражданина А.Г.Меженцева» //

http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_57463/92d969e26a4326c5d02fa79b8f9cf4994ee5633b/

тамамдайды. Дегенмен, Заң осы қызметке ешқандай анықтама бермейді. Мысалы, адвокаттық қызмет ретінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруға жәрдесу мақсатында кәсіптік негізде көрсететін заң көмегі қарастырылады.⁹ РФ банкроттық туралы заңы бойынша арбитраждық басқарушыны кәсіби қызметтің субъектісі және жеке практикамен айналысушы ретінде таниды.

Заңмен «әкімші» ұғымына берілген анықтамадан түсінетініміз: (1) істі сотта қарау барысында Заңмен бекітілген өкілеттіктерді жүзеге асырады; (2) оңалту және банкроттық рәсімнің аясында Заңмен бекітілген өкілеттіктерді жүзеге асырады. Бұл ұғым әкімші борыш борышкердің банкроттық немесе оңалту рәсіміне тағайындағанда, борышкерге не кредиторларға қызмет көрсету үшін емес, не борышкердің өкілі ретінде оның мүддесін білдіру үшін емес, өзіне заңнамамен жүктелген міндеттерді орындау үшін тағайындалатындығын көрсетеді. Біздің ойымызшы, осы айтылған норма әкімшінің қызметінің мәнін ашады, алайда, қызметтің түрін айқындамайды.

Әкімшінің атқаратын қызметінің түріне қатысты жеке практика не кәсіпкерлік қызмет не кәсіби қызмет сияқты нұсқалармен қарастырып өтейік:

біріншіден, кәсіпкерлік қызмет ретінде жеке және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс табуға бағытталатын, кәсіпкердің атынан, оның тәуекеліне және мүліктік жауапкершілігіне қатысты жүзеге асырылады.¹⁰ Бұл қызмет толығымен әкімшінің қызметінің сипатымен жанаспайды.

екіншіден, әкімшілерді жеке практика субъектісі ретінде анықтау бүгінгі Қазақстанның жағдайына ерте деген пікірдеміз, өйткені бұл қызметтің қажет ететін өзгерістері заңнамалық тұрғыда және құқық қолданушылық тәжірибеде көп. Сонымен қатар, әкімшінің қызметі жеке практиканың басқа субъектілері сияқты кең танылмаған және бұл қызмет онымен айналысушыларды барлық уақытта жұмыспен қамтамасыз етпеуі мүмкін. Сондықтан, әкімшінің қызметіне қатысты жеке практика қызметін қоспаған жөн.

⁹ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР 2018 жылғы 5 шілдедегі №176-VI Заңының 1-бабының 1)-тармақшасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000176>

¹⁰ ҚР 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабының 1- тармағы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

Осылайша, әкімшілерді кәсіби қызмет субъектілері ретінде қарастырылғаны дұрыс болар еді. Сәйкесінше, біз осы ұстанымды жоғарыда айтылған тұжырымдармен қоса қолдаймыз.

1.2 Борышкердің төлемқабілетсіздігі рәсімдеріне әкімшіні тағайындау тәртібі

Борышкерге қатысты банкроттық немесе оңалту рәсімі орныққан жағдайда әкімшіні тағайындау барысында оның адал, парасатты және әділ әрекет етуіне себептігін тигізетін жайттардың бірі ретінде әкімшіге қойылатын талаптарды түсінеміз. Отандық заңнамаға сай банкроттық не оңалту рәсімдерінде әкімші ретінде қызмет атқару үшін, яғни әкімші мәртебесін алу үшін уәкілетті органға әкімші қызметінің басталғаны туралы хабарлама беру негіз болып табылады. Осы хабарламаның негізінде 2019 жылы желтоқсан айында енгізілген толықтыруларға сәйкес біліктілік емтиханын тапсырған жеке тұлғадан басқа, кәсіби бухгалтерлер де әкімші мәртебесін ала алады. Бұл жолда үміткерлерден белгілі талаптарға сәйкес келулері шартты жағдай болып табылады. Сондықтан да осы ретте сұрақ туындатқан бірнеше талаптарды талдап өтуді жөн көріп отырмыз.

Әкімші мәртебесіне үміткер ретінде қарастырылатын, жоғарыда аталып өткен екі тұлғаға да қойылатын талаптарға назар аударатын болсақ¹¹, әкімші мәртебесін алу үшін ҚР азаматтығы талап етілмейді, сәйкесінше, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға бұндай құқық берілгенімен, авторға осы өзгерістің енгізілген уақытынан бері ҚР азаматы ретінде танылмаған адамның бұл құқықты жүзеге асырған жағдайы беймәлім, бұл заң шығарушының тарапынан шетелдіктерге ұлттық режимді ұсынудың жалпы ережесін¹² қолданғаны деп түсінеміз. Алайда, Заңның ескі

¹¹ «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының 12-бабының 2-тармағы https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31518958, «Кәсіби бухгалтерлікке кандидаттарды сертификаттауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы №291 бұйрығының 10-тармағы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14E0009620>

¹² «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсан №269-ХІІ Кодексінің 3-бабының 7-тармағы: «Егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, шетелдік жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар азаматтық заңдарда Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары үшін қандай құқықтар мен міндеттер көзделсе, нақ сондай құқықтарға

редакциясы бойынша үміткерлерден ҚР азаматтығы талап етілген, сәйкесінше, ҚР Азаматтық кодексімен шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға берілген құқық осы өзгерістер енгізілгенге дейін шектелген болатын. Дегенмен, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың ҚР заңнамасының шеңберінде борышкердің оңалту не банкроттық рәсімінде әкімші ретінде қызмет ете алуы, олардың бұл саладағы кәсіби біліктіліктеріне күмән тудырады.

Келесі назар аударуға тұрарлық талап – әкімшінің құқық, экономика немесе бизнес саласындағы жоғарғы білімінің болуы. Бұл талапқа қатысты туындайтын мәселені түсіну үшін келесі сот ісіне көңіл бөлейік:

Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында (бұдан әрі – МАЭС) қарастырылған №02-11522/14 іс бойынша сот отырысының аясында уәкілетті органның тарапынан уақытша басқарушыны басқа әкімшіге аудару туралы талап қарастырылады. Артынша талап қоюшы уақытша басқарушыны басқа бухгалтерлік білімі бар әкімшімен алмастыру қажеттілігін уақытша басқарушының борышкердің қаржылық жағдайына қатысты қорытындысы қателіктермен жасалғандығымен негіздейді. Осы негізбен судья шешімінде уақытша басқарушыны шеттетіп, экономикалық және заң саласында жоғары білімі бар әкімшіні тағайындайды, сәйкесінше әкімшіні алмастыру туралы талап қоюшының талабын қанағаттандырады.¹³

Әкімші мәртебесі жеке тұлғадан құқық не экономика не бизнес саласындағы жоғарғы білімді қажет етеді, осы салалардың бірі бойынша жоғары білімі бар және біліктілік емтиханынан сәтті өткен үміткер әкімшілердің қызметін атқаруға құқық беретін адамдардың тізіліміне енген сәттен бастап оңалту және банкроттық рәсімдерді жүргізуге заңнама талаптарына сай білімінің жеткілікті екендігін көрсетеді. Демек, бұл жағдайда заңнама бойынша үміткерге бухгалтерлік білімнің болуы міндеттелмейді, сәйкесінше бухгалтерлік салада білімінің жоқтығын не аздығын алға тартып, оны қызметтен шеттету судьяның тарапынан орын алған қисынсыз әрекет деп есептейміз. Сол сияқты келесі іске назар аударайық:

Павлодар облыстық МАЭС-та қаралған №2-1510/2014 істе талап қоюшы «Фармацевтическая компания «Р» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) уақытша әкімшіні шеттетуді сұрайды және талабын негіздеу барысында уақытша әкімшінің борышкердің қызметінің саласында

ие болуға қақылы және сондай міндеттерді орындауға міндетті»
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

¹³ 23.10.2014 жылы №02-11522/14 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/608608399?12&isScroll=true>

тәжірибесі жоқ екендігін, яғни ҚР мемлекеттік бағдарламасы бойынша тендерлер өткізуге, дәрі-дәрмек сатып алуда өтілі жоқ екендігін және ол кісінде дәрігердің не фармацевттің дипломы жоқтығынан борышкердің төлемқабілеттілігін қалпына келтіре алмайтындығын алға тартады. Алайда, судья аталмыш себеппен әкімшіні шеттету Заңда көзделген негіздерге сәйкес келмейтіндігін айтып, талапты қанағаттандырудан бастартады.¹⁴

Істерді талдап көрсек, екінші іс бойынша талап қоюшы әкімшіден талап етілмейтін білімді сұрағандықтан, талаптың қанағаттандырылмай қалуы орынды болды және бірінші іс бойынша туындаған жағдай түсініксіз болу себепін жоғарыда талдап өткен болатынбыз. Демек, бірінші судьяның бұл әрекеті әкімшілерге қойылатын талаптардың қажетті деңгейде жетілмегендігін және әкімші мәртебесін алу процесінде өзгерістердің қажет ететіндігін көрсетеді. Қазіргі жағдайда басты көңіл аударуымыз қажет фактор – бұл әкімшілердің тарапынан орын алатын қателіктер. Банкроттық және оңалту рәсімдері барысында әкімші бірқатар әрекеттерді борышкер мен кредиторлардың мүддесінде жүзеге асырады, ал біліктілік емтиханын тапсырып, әкімші мәртебесін алған үміткер тәжірибелік тұрғыда бұл іс-әрекеттерге машықтанбаған, тіпті бұл әрекеттердің жүзеге асыру процесін сырттан да бақыламаған, сондықтан әкімшінің тарапынан кететін қателіктерге болуы орынды деген ой келеді. Осындай үміткердің іс жүзінде банкроттық не оңалту рәсімдерін жүргізуге қатысты тәжірибелік өтілі жоқ және уәкілетті органның тарапынан да үміткерлерді банкроттық не оңалту рәсімдеріне дайындау бағдарламалары қарастырылмаған, яғни қазіргі қолданыстағы заңнаманы қарайтын болсақ, үміткер біліктілік емтихандарын тапсырғанымен, үміткердің теориялық білімі оның дайындық бағдарламасынан және тағылымдамадан алуы мүмкін тәжірибелік білімін алмастыра алмайтындығы анық. Сондықтан да уәкілетті органға үміткерлерді алдағы қызметтеріне алдын-ала дайындау бағдарламаларын әзірлеп, сол бағдарламадан өтуді әр үміткерге міндетті талап ретінде қою жөнінде ойды қарастыруды жөн көреміз.

Әкімшінің парасатты және әділ әрекет етуі үшін оның рәсімге деген қызығушылығы болмауы тиіс деген тұжырымды қолдаймыз, дегенмен бірнеше мәселеде бұл талап қазақстандық шындықпен жанаспайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, банкроттық немесе оңалту рәсімдерінде әкімшіге жүктелетін өкілеттіліктерді кәсіби емтихан тапсыру арқылы тізілімге енгізілген адамдар жүзеге асыра алады. Олардан бөлек санация қатысушысы не банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату кезінде

¹⁴

уәкілетті орган немесе Заңның 69-бабына сай оңалту рәсімдерінде борышкердің мүлкі мен ісін басқару үшін борышкер – дара кәсіпкер не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген орган немесе тұлға атқара алады. Бұл жағдайларда әкімшіге жүктелетін өкілеттіліктер толығымен аталған тұлғаларға өтеді. Бұл тұлғаларды әкімшінің өкілеттігін жүзеге асыруға құқық берілген тұлғалар ретінде қарастыруға болады.

Біріншіден, бұл тұжырымды әкімшінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға құқық берілген тұлғаларға қатысты қолданбауға болатындығына отандық Заңның 69-бабының нормасын мәнін, бұл талаппен қарама-қайшы ұстанымда болғандықтан, дәлел ретінде келтіруге болады, өйткені борышкердің «ескі менеджментін» әкімшінің өкілеттіктерін атқару үшін тағайындаса, оның тарапынан рәсімге деген тікелей қызығушылық орын алады. Екіншіден, Заңның 69-бабына сай тағайындалатын әкімші өкілеттіктерін атқаруға құқық берілген тұлғалардың рәсім қатысушыларына деген объективті көзқарасты сақтауы және рәсімге деген қызығушылығының болмайтындығына, яғни оның адалдық, әділеттік, парасаттылық қағидаларын басшылықта міндетті түрде ұстанатындығына Заң кепілдік бермейді.

Заңның 11-бабының 3-тармағына сүйенсек, Заңның 69-бабында бекітілген тәртіпте тағайындалған тұлғаға әкімшіге артылатын құзыреттілік пен жауапкершілік жүктеледі, осы ретте бұл тұлғалардан әкімшіден міндетті сұралатын талаптар қажет етілу мәселесі туындайды, өйткені осы талап арқылы әкімші мәртебесін иеленген жеке тұлға мен әкімші өкілеттіктерін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың арасындағы айырмашылықтың аражігі белгіленеді деген пікірдеміз, сондықтан сот практикасына талдау жасап өтуді қажет деп санаймыз.

Солтүстік Қазақстан облысының МАЭС-да қарастырылған №5930-16-00-2/4554/16 іс бойынша «К-СК» ЖШС өзіне қатысты оңалту рәсімін қозғауды талап етеді және ЖШС өзінің құрылтайшысын борышкердің мүлкі мен ісін басқарушы ретінде тағайындауды сұрайды, себебі ол өзінің екінші «К-НС» ЖШС-і арқылы оңалту рәсімі барысында көмектесетінін алға тартады, алайда сот талап қоюшының талабын қанағаттандырмайды. Сот борышкерге қатысты оңалту рәсімін қозғамағандығынан, судьядан сәйкесінше борышкердің мүлкін басқарушыны тағайындау мәселесіне қатысты шешім шығару міндетті емес еді. Алайда, судья бұл мәселені қозғап, өз ұстанымын келесідей білдірген болатын: біріншіден, судья оңалту рәсімі барысында борышкердің құрылтайшысын оған қатысты «үлестес тұлға» ретінде танылатындығын көрсетеді, екіншіден, екі заңды тұлғаның

құрылтайшысы болып отырған бір тұлға әкімшінің өкілеттігін атқарушы тұлға ретінде тағайындала алмайтындығына сілтеме жасады.¹⁵

Біріншіден, борышкердің оңалту рәсімінде оның ісін жүргізу, мүлкін басқаруды «ескі» менеджментке сеніп тапсырылса, осы рәсімді жүргізуші тұлғаға Заң бойынша әкімшіге берілген құқық, жүктелген міндет және қарастырылған жауапкершілік толығымен өтеді. Алайда, осының арқасында «ескі» менеджмент «әкімші» мәртебесін алмайды, әкімшіге «балама» тұлға ретінде оңалту рәсімін жүргізеді. Сонымен қатар, Заңның 69-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасының мәні бойынша да борышкер мен әкімшінің қызметін атқаратын тұлғаның арасындағы үлестестік меңзеледі, яғни «ескі» менеджментті басшылықта қалдыру, борышкердің ісіне шеттен үшінші тұлғаның араласпауына мүмкіндік береді.

Екіншіден, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының нормаларына қарасақ, бір ЖШС құрылтайшысына басқа ЖШС-те құрылтайшы болуға тыйым салынбайды және «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 69-бабының нормалары бойынша да бұндай тыйым көзделмейді. Сот ісінде басты мәселенің түйіні «ескі» менеджмент туралы болғанымен, Заң бойынша әкімші мәртебесін алған тұлғаларға да заңды тұлғаларда басқарушылық қызметімен айналысуға шектеу қойылмаған, бұған дәлел ретінде 2019 жылы ҚР қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің (ары қарай - МКК) төрағасының блогына келіп түскен сауалда әкімшінің басқа ұйымдарда басқарушы болып қызмет атқаруына заңнамамен ешқандай тыйымның қарастырылмағандығы жайлы сөз қозғалғандығын айтып өткеніміз жөн.¹⁶

Әкімші борышкердің төлемқабілетсіздігі рәсімдерінің аясында тәуелсіз болу арқылы адал әрі әділ әрекет етуге тиіс және борышкермен қатар кредиторлардың да мүдделерін тең дәрежеде білдіруі қажет екендігі анық. Алайда, борышкер тұлғаның лауазымды тұлғасы оңалту рәсімін жүргізетін тұлға болып тағайындалса, мүдделер қақтығысы не оның тарапынан аталмыш рәсімге деген қызығушылығы орын алуы бек мүмкін, өйткені мүліктік массаның құрамына кіретін мүлікті сату керек болған жағдайда әкімшінің бұл әрекеті кредиторлардың қызығушылығында, ал борышкер бұған толығымен қарсы ойда болады, яғни борышкерге бұл мүліктің сатылмағандығы қажет. Сол сияқты, Қостанай облыстық сотында қаралған

¹⁵ 15.12.2016 жылғы №5930-16-00-2/4554/16 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/1560753617?4&isScroll=true>

¹⁶ ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 9 шілде 2019 жылғы №557701/1 сұрағына жауабы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37321504

№ 3999-16-00-2a\352 іс бойынша «Б» ЖШС-ң директорын оңалтуды басқарушының қызметінен шеттетеді, себебі ол қызметі барысында ешбір кредитордың талабын қанағаттандырмаған, сәйкесінше оңалту рәсімі аясында міндеттеріне қатысты немқұрайлылық танытқан¹⁷. Шығыс Қазақстан облысының МАЭС қарастырған №2-107-11 іс бойынша оңалтуды басқарушының өкілеттіктерін жүзеге асырушы ретінде тағайындалған ЖШС «Д» директорын шеттету туралы талап қанағаттандырылады. Өйткені ол оңалтуды басқарушының өкілеттіктерін тиісінше орындамағандығы, оңалту жоспарын іске асырмағаны, оған өзгерістер енгізу туралы жұмыстардың жүргізілмегендігі анықталды.

Бұл істерден көретініміз, «ескі» менеджментке сеніп артып, борышкердің ісін жүргізуге тағайындап, кейін оны шеттету жағдайлары, біріншіден, ұзақ уақытты талап етеді, бұл өз кезегінде оңалту рәсімінің жүруін тежейді, ал оңалту рәсімінің тоқтап қалуы, сәйкесінше кредиторлармен қатар борышкердің де мүддесіне зиян тигізетіні анық және бұл зиян кезектен тыс өтелетін әкімшілік шығыстарда анық көрініс табады. Демек, бұл жағдайды әкімшінің рәсімге деген қызығушылығы ретінде қабылдауға болады. Дегенмен, еліміздің банкроттық саласындағы заңнамасында «әкімшінің қызығушылығы» деген ұғым қамтылмағандықтан, РФ банкроттық туралы заңына сүйенсек, 19-бапта «қызығушы тұлғалар» деген ұғым бар, олар: борышкерге қатысты үлестес тұлғаларды, борышкер-заңды тұлғаға қатысты басқарушы, директорлар кеңесіне не атқарушы органға мүше болып келетін тұлғаларды таниды.¹⁸ Ал, бұл тұлғалар біздің елімізде Заңның 69-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасына сай оңалту рәсімінің аясында әкімшінің қызметін атқара алады. Дегенмен, бұл жағдайды басқа қырынан қарайтын болсақ, борышкердің мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген орган немесе тұлғаны әкімшінің қызметін атқарушы тұлға ретінде тағайындауының бір артықшылығы ретінде оңалту рәсімі аясында олардың борышкердің ісін басқа тұлғалардан жақсы біліп, түсінетіндігін айтуға болады.

Міне осылайша, заңның 69-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасына сай тағайындалған әкімшінің қызметін атқарушы тұлғаның құқықтық мәртебесінің белгісіз болуы, тәжірибеде бірқатар мәселені туындататынына

¹⁷ 5.03.2016 жылы № 3999-16-00-2a\352 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1556033042?9&isScroll=true>

¹⁸ Ресей Федерациясының 26 қазан 2002 жылғы №127-ФЗ «Дәрменсіздік (банкроттық) туралы» заңы
http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_39331/2dcf803c785fb62b59e90b2290a3912225baea82/

көзіміз жетті. Сәйкесінше, Заңда қамтылған бұл норма өзгерістерді қажет етеді деген пікірдеміз.

1.3 Банкроттық немесе оналту рәсімдерінен әкімшіні шеттету негіздері

Әкімшіні рәсім аясынан шеттету барысында келесідей екі санатқа назар аударылуы тиіс: біріншіден, банкроттық басқарушыны не оналтуды басқарушыны белгілі бір борышкерге қатысты өз өкілеттіліктерін орындаудан шеттеу; екіншіден, әкімшінің хабарламасын әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен алып тастау. Әкімшіні шеттетудің екі жағдайы да уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

Заңмен әкімшіні шеттетудің түрлі негіздері қарастырылғанымен, осы арада құқық қолданушылық тәжірибеде қиындық туындататын негіздерді қарастырып өткеніміз жөн. Осындай негіз ретінде кредиторлар жиналысы әкімшіні шеттету туралы шешім қабылдаса, уәкілетті органға кредиторлар жиналысының хаттамасы келіп түссе, әкімшінің шеттетілу жағдайын айта аламыз. Алайда, Заңмен кредиторлар жиналысының әкімшіні шеттету негіздері айқындалмаған, сондықтан осы мақсатта және проблемалық сұрақтар туындататын сот практикасын саралауымыз керек.

Маңғыстау облысының МАЭС-да қаралған №4712-19-00-2/2737 іс бойынша банкроттық басқарушы кредиторлар жиналысының шешімімен шеттетілген, себебі банкроттық басқарушы уәкілетті органмен төрт рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның екеуі әкімшімен дауланбаған және банкроттық басқарушымен борышкердің мүлкін түгендеу туралы есеп жүргізілмегенді анықталды. Банкроттық басқарушы осы кредиторлар шешімін сотта даулағанымен, сот банкроттық басқарушының талабын қанағаттандырмайды, өйткені кредиторлар жиналысы процессуалдық тұрғыда дұрыс өткізілген, бұл қворумға қатысты болсын не жиналыста шешім қабылдау тәртібі де Заңға сай өткізілгенін айтады.¹⁹

Шығыс Қазақстан облысының МАЭС-да қаралған №6309-16-00-2/3015 іс бойынша кредиторлар әкімшінің қызметіне көңілдері толмаған, банкроттық басқарушы бірінші кезектегі жалақы бойынша кредиторлардың талаптарын қанағаттандырмаған және осы әкімшіге қатысты жүргізілген тексеріс жұмыстарының нәтижесінде әкімшінің борышкерге қатысты рәсімді жүргізу аясында қателіктердің болғаны анықталу себептерімен кредиторлар

¹⁹ 30.10.2019 жылы №4712-19-00-2/2737 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/2421512439?23&isScroll=true>

жиналысының шешімінің негізінде шеттетілген еді. Әкімші кредиторлар жиналысының шешімін сотта даулағанымен, сот жиналыстың Заңға сай өткізілгендігінен, талапты қанағаттандырусыз қалдырады.²⁰

Алматы қаласының МАЭС-да қаралған №7527-17-00-2/8212 іс бойынша банкроттық басқарушы кредиторлар жиналысының шешімімен шеттетілген, шеттетілуге банкроттық басқарушымен банкроттық рәсімді тиісінше жүргізбеуі, рәсімнің 5 жылдан артық уақытқа созылуы әрі осы уақытта кредиторлардың талабын қанағаттандыруға қатысты белгілі нәтижелердің болмауы негіз болған. Банкроттық басқарушы шешімді даулағанымен, сот кредиторлар жиналысының Заңға сай талаптармен өткізілгендігін басшылыққа алып, талапты қанағаттандырмайды.²¹

Ақмола облысының МАЭС-ы қарастырған №1112-16-00-2/798 іс бойынша банкроттық басқарушы кредиторлар жиналысының шешімімен шеттетілген болатын, алайда кредиторлар жиналысы Заңға сай талаппен өткізілмеген еді, бұл жиналыс бойынша екі хаттама бар, біріншісіне хатшы қол қоймаған, екіншісіне хатшы қол қойғанымен уәкілетті органға ұсыну уақыты өткізіліп берілген. Сол себепті сот банкроттық басқарушының талабын қанағаттандырып, кредиторлар жиналысының шешімін заңсыз деп таниды.²²

Бұл істерден аңғаратынымыз: біріншіден, әкімшінің тарапынан рәсімге салғырт қараудан туындайтын қателіктердің негізінде кредиторлар жиналысы әкімшіні шеттету туралы шешім қабылдаса; екіншіден, кредиторлар жиналысының Заң талаптарына сай жүргізілуі арқылы сотта аталмыш шешім дауланса, талаптың қанағаттандырусыз қалатыны, алайда жиналыстың Заң талаптарына сай жүргізілмеуі, шешімнің заңсыз деп табылуына алып келеді. Бұл жердегі басты маңызды фактор – кредиторлар жиналысының процессуалдық тұрғыда дұрыс өтуі, бұған келесі іс дәлел болады:

Қарағанды облысының МАЭС-ы қарастырған №2-3225-16 іс бойынша кредиторлар жиналысының шешімімен әкімшіні шеттетудің негізі ретінде банкроттық басқарушының өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағандығынан, банкроттық рәсімнің негізсіз мерзімінің ұзартылуына және әкімшілік шығыстардың ұлғаюына алып келгендігі болатын. Алайда,

²⁰	21.09.2016	жылғы	№6309-16-00-2/3015	сот	шешімі
					https://bestprofi.com/document/1553447579?1&isScroll=true
²¹	18.09.2017	жылғы	№7527-17-00-2/8212	сот	шешімі
					https://bestprofi.com/document/1919526121?2&isScroll=true
²²	01.06.2016	жылғы	№1112-16-00-2/798	сот	шешімі
					https://bestprofi.com/document/932799271?5&isScroll=true

банкроттық басқарушы бұл шешіммен келіспей, сотқа шеттетілуінің негіздерінің іс-жүзіндегі жағдайларға сай емес екендігін, яғни барлық әрекеттерінің Заң нормаларына сай әрі кредиторлар кеңесімен келісіліп істегендігін дәлелдейтін құжаттарды ұсынған болатын. Сәйкесінше, сот отырысында осы құжаттардың негізінде банкроттық рәсімнің мерзімінің ұзартылуы және оның ары қарайғы әкімшілік шығыстың ұлғаюына алып келуі Заң нормаларына сай әрі кредиторлар жиналысымен келісілгені расталады. Дегенмен, судья кредиторлар жиналысының бұл шешімін заңсыз деп танымайды, банкроттық басқарушының талабын қанағаттандырусыз қалдырады. Өйткені, әкімшіні шеттету мәселесін қарастыру кредиторлар жиналысының құзыретіне кіретіндігін және Заңмен әкімшінің кредиторлар жиналысымен шеттелуі мүмкін негіздердің көзделмеуін айтады.²³

Бұл істен көретініміз, біріншіден, әкімшінің тарапынан іс жүзінде оны шеттететіндей әрекеттер орын алмаған, алайда сот кредиторлар жиналысының шешімін заңсыз деп таппайды, өйткені бұл шешімді қабылдау тәртібі процессуалдық тұрғыда дұрыс жүргізілген болып шығады. Сот осы жерде норманың басты кемшілігін айтып өтеді, яғни кредиторлар жиналысының шешімімен әкімшінің шеттетілу негіздері Заңмен қамтылмаған, сондықтан кредиторлар жиналысында шешімді қабылдау тәртібінің дұрыс болуы осындай сот істерінде шешуші рөл атқарады және әкімшінің тарапынан қателіктің кетуі не кетпеуі маңызды емес.

Бұдан бөлек, әкімшілер сот тәртібімен кредиторлар жиналысының шешімін даулауда екендігін ескерген жөн, өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, әкімшіні шеттетуді уәкілетті орган жүзеге асырады, ал әкімшілер өздерін шеттету жағдайымен келіспегендіктен сотқа жүгінеді. Оңалтуды немесе банкроттық басқарушыны уәкілетті органмен кредиторлар жиналысының хаттамасы келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінің ішінде шеттетеді.²⁴ Дегенмен, уәкілетті органға осындай хаттама түскен сәтте уәкілетті орган әкімшіні шеттету негізінің себебіне қарамайды, яғни оңалтуды және банкроттық басқарушы кредиторлар жиналысының шешімімен шеттетіліп жатқанда, бұл негізсіз себеппен де болуы әбден мүмкін және бұл тұжырым жоғарыда дәлелденді.

²³ 04.11.2016 жылғы №3514-16-00-2/3235 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/1555478659?20&isScroll=true>

²⁴ ҚР Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 12-тармағы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020278>

Заң кредиторлар жиналысына әкімшіні кез келген себеппен шеттетуге құқық берді деп айтуға болады, себебі уәкілетті органға хаттама келіп түскенде уәкілетті органға әкімшіні шеттету негізінің дұрыстығына, дәлелді себептілігіне қарау міндеті заңнамамен жүктелмеді. Демек, бұл процестің бастапқы сатысында оған бақылау жүргізілмейді.

Сонымен қатар, Заң кредиторлар жиналысына әкімшіні негізсіз себептермен шеттетуге мүмкіндік бере отырып, оның рәсім аясындағы бейтараптылығының дәрежесін түсіреді. Демек, бұл әкімшінің кредиторлардың мүдделеріне басымдық беруіне алып келуі мүмкін. Алексей Владимирович Юхнин өз еңбегінде кредиторлар жиналысына берілген осы құқықты РФ банкроттық туралы заңнамасынан алып тастаудың жөн екендігін айтып өткен болатын, өйткені бұл негізді алып тастау арқылы арбитраждық басқарушының кредиторлардың қалаулары мен ниеттерінен тәуелсіз болуын күшейте түседі деген пікірде болды.²⁵

Осы орайда, Заңның бұл нормасы өзгерістерді қажет етеді деген пікірдеміз және бұл өзгерісті келесідей сипаттардың бірінде көруді жөн деп санаймыз: біріншіден, кредиторлар жиналысына берілген осы құқықты алып тастау; екіншіден, оңалту және банкроттық рәсімдеріне қатысушы тұлғалардың барлығына осындай құқық берілу қажет; үшіншіден, бұл норма Занда қалатын болса, міндетті түрде уәкілетті органды бұл процеске бақылау жүргізуге міндеттеу қажет.

Бұл жерден шығатын қорытынды: «Әкімші Заң нормаларын бұзушылығы негізсіз болатын себептермен шеттетілуіне болмайды».

Осы жағдайды РФ тәжірибесімен салыстырып көрелік. РФ банкроттық туралы заңының 20.4-бабының 1-тармағына сай арбитраждық басқарушыны банкроттық рәсімше қатысушы тұлғалардың талабымен оның өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін шеттету көзделген. Бұл тұлғалардың бірі ретінде кредиторлар жиналысы танылаы. Дегенмен, кредиторлар жиналысының талабы негізді болуы қажет, яғни кредиторлар жиналысы арбитраждық сотқа жүгінгенде талаптарының негізі арбитраждық басқарушымен өз міндеттерін тиісінше орындамағанын дәлелдеуі қажет.²⁶

²⁵ Юхнин А.В. Правовые проблемы организации деятельности арбитражных управляющих // Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Москва.2005. 82 бет

²⁶ Информационное письмо Президиума ВАС РФ от 22.05.2012 №150 «Обзор практики рассмотрения арбитражными судами споров, связанных с отстранением конкурсных управляющих» 10-пункт //

Келесі істі қарастырмас бұрын, Заңның 12-бабының 8-тармағына сай әкімші қатарынан күнтізбелік он екі айдың ішінде екі реттен артық бас тартқан болса, уәкілетті орган әкімшінің хабарламасын әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен алып тастайды, бұл норма өзгеріссіз қалдырылған. Алайда, Заңның алдыңғы редакциясы бойынша әкімшінің шеттетілуінен бөлек, әкімші өз еркімен жұмыстан босату туралы өтініш жазып, борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін орындаудан босатылу құқығы берілген еді, алайда қазіргі редакциясына сай әкімшілерге бұл құқық Заңмен айқындалып берілмеген. Дегенмен, әкімшінің рәсімді жүргізуден екі реттен артық бас тартуы – онымен екі реттен артық қызметтен босату туралы өтініш жазылғандығын білдіреді.

Қостанай облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасымен қаралған № 3999-17-00-2а/1543 іс бойынша бірінші сатының шешімі өзгеріссіз қалдырылады:

Талап қоюшы «К» Қостанай облысының мемлекеттік кірістер департаментінің және уәкілетті органның әрекеті мен шешімін заңсыз деп тану туралы талаппен жүгінеді. Уәкілетті органның шешімімен «К» әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен алып тасталған болатын. Уәкілетті органның шешіміне алғышарт болған шешімдер келесідей:

«Г» дара кәсіпкерінің кредиторлар жиналысында банкроттық басқарушыны қызметінен босату туралы мәселе қарастырылды, өйткені банкроттық басқарушы «К» кредиторлар жиналысына оны қызметінен босату жөнінде сұрақты қарастыру туралы өтініш беруіне негіз болған жайт - жүктілікке және бала тууға байланысты демалысқа кетуі еді. Кредиторлар жиналысында әкімшіні қызметінен босату туралы шешім қабылданды. Қостанай облысының мемлекеттік кірістер департаментінің бұйрығымен банкроттық басқарушы «К» борышкердің қызметінен өз еркі бойынша жұмыстан босату туралы өтініш негізінде босатылды.

«С» ЖШС кредиторлар жиналысына да аталмыш мазмұнда арыз келіп түскен болатын және мәселе де дәл сондай бұйрықпен аяқталды.

Сәйкесінше, Қостанай облысының мемлекеттік кірістер департаменті уәкілетті органға «К»-ны әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен алып тастау туралы өтініш жіберген болатын. Уәкілетті орган Заңның 12-бабының 8-тармағының 4)-тармақшасының

http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_131571/aec853c88cffc58e6211408d098f9f246c16d63/

негізінде, әкімші өкілеттіктерін орындаудан қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі реттен артық бас тартқан жағдайларда, әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен алып тастаған болатын.

Сонымен қатар, уәкілетті орган өзінің ұстанымын қуаттау барысында әкімшілердің кәсіби қызметі олардың жүктілікке және бала тууға байланысты демалысқа шығаруларын қарастырмайтындығын айтқан еді.

Дегенмен, сот отырысында анықталғандай Қостанай облысының мемлекеттік кірістер департаменті бір жағдайда әкімшінің қызметінен босату туралы шешім шығарса, екіншісінде әкімшіні шеттету туралы шешім шығарған болатын. Осының негізінде сот әкімші өкілеттіктерін орындаудан бас тартқан жоқ деп уәкілетті органның шешімін заңсыз деп таниды. Бұдан бөлек, уәкілетті органның ұстанымына орай судья уәкілетті орган бұл әрекетімен әкімшінің конституциялық құқығын бұзырып отырғандығын, әкімшіге қатысты жынысына байланысты кемсітушіліктің орын алғандығын және Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық шарттарды және отандық заңнаманы көрсете отырып, жүктілікке және бала тууға байланысты демалысқа шығуына байланысты қызметтен босатуына тыйым салынғандығын айтады.²⁷

Бұл істен көретініміз, әкімшінің кредиторлар жиналысының шешімімен шеттетілуіне оның өтініші де негіз бола алады. Жалпы, іс бойынша уәкілетті органның ұстанымы маңызды фактор болып табылады, өйткені уәкілетті орган әкімшілердің бала күтімі бойынша демалысқа шығуларына болмайтындығын айтады.

Әкімшіні шеттету негіздерінің арасында тексеру нәтижесінде әкімшімен Заңда белгіленген талаптарды бұзылуы жағдайында Заңда бұл қандай талаптар екендігі ашылып жазылмаған, сондықтан сот тәжірибесіне тоқтала отырып, сот қандай жағдайларды әкімшіні рәсімнен шеттетуге жеткілікті негіз деп білетінін аңғарамыз.

Алматы қаласының кассациялық алқасында қаралған № 2К-1098\2013 іс материалдары бойынша оңалтуды басқарушы әкімші қызметін атқарудан шеттетілген және шеттетілудің басты себебі борышкердің кредиторлар комитетіне борышкердің жағдайына қатысты қаржылық есеп бермегендігі болып табылады.²⁸

²⁷ 11.08.2017 жылғы №3999-17-00-2a/1543 қаулы
<https://bestprofi.com/document/1921587545?1&isScroll=true>

²⁸ 26.06.2013 жылы № 2К-1098\2013 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/525203462?6&isScroll=true>

Қарағанды облысының МАЭС-да қаралған № 3514-16-00-2\3504 іс бойынша банкроттық басқарушы өз өкілеттілігін орындаудан шеттетіледі және себеп ретінде әкімшінің тарапынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға бағытталған шаралар орын алмаған, екі жыл мерзімінде кредиторлар жиналысы шақырылып, өткізілмеген және кредиторларға банкроттық рәсімнің барысы туралы ақпараттар ұсынылмаған, сонымен қатар, әкімші борышкердің мүлкіне инвентаризация жүргізбеген және банкрот тұлғаға қатысты мемлекеттік органдарда не басқа тұлғалардан ақпараттар талап етілмегендігі алынады.²⁹

Шығыс Қазақстан облысының МАЭС-та қарастырылған № 2А-1175\2015 іс материалы бойынша оңалтуды басқарушы қажетті дәрежеде оңалтуды басқарушының қызметін атқармаған, оңалту жоспарын жүзеге асырмаған және оңалту рәсімін жүргізу мерзімінің ұзартылуына байланысты да жоспарға өзгерістер енгізілмегендіктен қызметінен шеттетілген болатын.³⁰

Жоғарыда келтірілген істерден көретініміз, Заңның талаптарының бұзылуы ретінде әкімшіге тікелей жүктелген міндетті өкілеттіліктердің орындалмауынан әкімшінің қызметінен шеттету орын алып жатыр және естен шығарау қажет жайт – әкімшінің тарапынан кеткен ағаттықтар тексеріс нәтижесінде анықталуы.

Заңның 12-баптың 7-тармағының 3)-тармақшасының мәнін аша түсу үшін Ресей Федерациясының тәжірибесіне жүгінуді жөн көріп отырмыз.

РФ Он бірінші арбитраждық апелляциялық сотында қарастырылған № А65-27640/2018 ісі бойынша конкурстық басқарушы борышкердің лауазымды тұлғаларын субсидиярлық жауапкершілікке тарту туралы сотқа талап арыз бермегендігі, борышкердің мүлкіне іздеу салу және қайтаруға қатысты әрекетсіздігі, банкроттық рәсімді тоқтату туралы өтініммен сотқа жүгінбегендігі, борышкердің мүлкін сатуға қатысты талаптарын, мерзім мен шарттарын кредиторлар кеңесіне ұсынбағандығына қатысты әрекеттері заңсыз деп танылып, қызметтен шеттетілген.³¹

²⁹ 15.11.2016 жылғы №3514-16-00-2\3504 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1555457579?7&isScroll=true>

³⁰ 8.10. 2015 жылғы № 2А-1175\2015 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/674684568?5&isScroll=true>

³¹ 09.01.2020 жылғы РФ Он бірінші арбитраждық апелляциялық сотының № А65-27640/2018 шешімі
http://sudrf.kodeks.ru/rospravo/document/564119108?text=&type=&accepted_by_id=&accepted_by=&accepted_date_start=&accepted_date_end=&number=№+А65-27640%2F2018+

Алтыншы арбитражды апелляциялық сотында қаралған № А04-939/2017 іс бойынша «А» жауапкершілігі шектеулі қоғамның (ары қарай - ЖШК) арбитражды басқарушы борышкердің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етпегендігі үшін қызметінен шеттетіледі. Талап қоюшы талабын негіздеу барысында әкімшінің әрекетсіздігі борышкерге арнайы техникасының белгілі бөлігінен, яғни агрегаттан айырылып, мүліктің құны түскендігін көрсетеді. Судья 22 мамыр 2012 жылғы РФ Жоғарғы арбитражды сотының Президиумының №150 Ақпараттық хатының 11 тармағына сілтеме жасайды, тармақта залал дегенде борышкерге, кредиторларға келтірілген зиян дегенде мүліктік массаның азаюына не көбею мүмкіндігінен айыруына алып келген конкурстық басқарушының заңға қайшы әрекеті (әрекетсіздігі) түсіндіріледі және осы арқылы борышкер мен кредиторлардың құқықтары бұзылып отыратындығы көзделеді.³²

Бұл істен байқайтынымыз, мүліктік массаның азаюы әкімшіні өз өкілеттіліктерін атқарудан шеттетуге алып келіп отыр. Демек, борышкердің мүліктік массасының азаюына не көбею мүмкіндігінен айырылу сәтіндегі әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) сипаты әкімшінің Заң талаптарын бұзуымен теңдеседі. Осы тұжырымды қолдайтын норма «Оңалту жән банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» қаулының 23-тармағында қамтылған, яғни әкімшілік шығысты мақсатсыз пайдалану, белгіленге лимиттен артық жұмсау әкімшіні қызметтен шеттетуге алып келеді.

Осы норманың қолданылу үрдісін сот тәжірибесінен қарайтын болсақ, Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының №7599-18-00-2а/3569 ісі бойынша әкімші уәкілетті органның оны рәсімнен шеттету туралы шешімін даулады. Сот отырысында анықталғандай, уәкілетті органның әкімшінің қызметіне жүргізген тексерісінің нәтижесінде әкімшінің әрекеттерінде Заңмен белгіленген талаптарды келесідей бұзушылықтардың бар екендігі анықталды: кредиторлар талаптарын қанағаттандыру тәртібі бұзылды; уәкілетті органмен әкімшілік шығыстар туралы келісімге келмеді; салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер түріндегі әкімшілік шығыстарды төлемеді; әкімшінің негізсіз қосымша сыйақы алды.

³² 24.01.2020 жылғы жылғы РФ Алтыншы арбитраждық апелляциялық сотының № А04-939/2017 шешімі
http://sudrf.kodeks.ru/rospravo/document/564173200?text=&type=&accepted_by_id=&accepted_by=&accepted_date_start=&accepted_date_end=&number=№+A04-939%2F2017+

Сот отырысында банкроттық басқарушымен әкімшілік шығыстың есебінен кредиторлық берешекті өтеу анықталды. Сәйкесінше, сот банкроттық басқарушыны рәсімнен шеттету туралы шешімді күшінде қалдырды.³³

Бұл сот ісінен байқағанымыздай, әкімшіні шеттетуге тікелей негіз ретінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында көзделген норма алынбаған, банкроттық басқарушыны шеттетудің негізі уәкілетті органмен жүргізілген тексерістің нәтижесінде айқындалған заңмен белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылады. Осы бұзушылықтың көрінісі ретінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында көзделген негіз болды. Сәйкесінше, әкімшілік шығысты мақсатына сай пайдалану – заңмен белгіленген талап, ал бұл талапты бұзу шеттетуге алып келуі мүмкін. Демек, бұл талапты толығымен әкімшіні шеттету негізі ретінде қарастыра алмаймыз деген тұжырым шығады.

1.4 Әкімшіге қызметі үшін төленетін сыйақы

Әкімші өкілеттігін атқаратын тұлғалар үшін қызметінің аясында сыйақы мәселесі маңызды болып келеді, өйткені, бір жағынан, егер осы тұлғалар заңгер не бухгалтер болып қызмет ету арқылы жоғары мөлшердегі сыйақыларды алу мүмкіндігі әрқашан болады, екінші жағынан, әкімшінің қызметі бойынша жұмыс күні нормаланбаған, жұмыс орындары әр кезде әрқалай, сондай-ақ жұмыстың көлемі күнделікті бірдей бола бермейді. Бұл жағдайлар әкімшіні өз қызметін атқару үшін ынталандырушы факторлар ретінде қарастыруға болады. Сондықтан да сыйақы мәселесі жан-жақты зейінді талап етеді.

Алдымен, Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасында қаралған №3599-20-00-2а/2380 іс бойынша істің мәні келесідей:

Борышкер «Р» ЖШС-ке қатысты банкроттық басқарушы «З» 2017 жылдың 29 желтоқсанында тағайындалып, 2018 жылдың 19 қыркүйегінде шеттетілген болатын. Осы рәсім аясында банкроттық басқарушыға сыйақы төленбеген болатын және «З» орнына келген банкроттық басқарушы оған сыйақыны төлеуден бас тартқан. Осы сыйақы төлеуді сұраған талабын бірінші сатыдағы сот қанағаттандырусыз қалдырған еді. Сот өз шешімін қуаттау барысында «З» мен кредиторлар комитетінің арасында банкроттық басқарушының өкілеттігін атқару туралы шарт жасалмағандықтан, сыйақының мөлшері анықталмаған, сол себепті банкроттық

³³ 06.06.2018 ЖЫЛҒЫ №7599-18-00-2а/3569 сот шешімі // <https://bestprofi.com/document/2001546703?1&isScroll=true>

басқарушының бас тартуы орынды деп тапқан болатын. Осылайша, сот сыйақыны төлеу міндеті шарттан туындайды деп есептеген еді. Апелляциялық инстанция бұл шешіммен келіспейді де келесідей негіздерді ұсынады:

Біріншіден, кредиторлар жиналысымен банкроттық басқарушыға төленетін сыйақының мөлшері анықталғанымен, сыйақыны алу құқығын белгілемейді.

Екіншіден, «З» алдында болған банкроттық басқарушыға қатысты кредиторлар жиналысының шешімімен негізгі сыйақының мөлшері анықталған болатын және бұл шешімнің заңдық күші бар. Банкроттық басқарушының ауысуы белгіленген негізгі сыйақының мөлшерін өзгертуге алып келмейді, яғни Заңда әкімшінің ауысуы екінші әкімшімен қайта шарт жасасу туралы міндеттің жүктелетіндігі туралы айтылмаған.³⁴

Соттың бұл шешімінің дұрыстығын Заңның 12-бабының 11-тармағы анық көрсетеді, яғни екінші әкімші біріншісінің ісін жалғастыратын болса, онымен шарт жасасу міндетті жағдай емес.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, әкімшілер үшін сыйақы мәселесі маңызды болғандықтан, борышкердің банкроттық не оңалту рәсімдерінің аясында әкімшіге төленетін негізгі сыйақыға қатысты мәселені қарастырып өтуді жөн көрсіп отырмыз.

Банкроттық және оңалту рәсімдерінің аясында әкімшіге төленетін негізгі сыйақы әкімшілердің арасында бірдей емес екендігі анық, бұның негізінде олардың өкілеттіліктеріндегі айырмашылықтар жатырғаны мәлім. Уақытша әкімші мен уақытша басқарушыға төленетін негізгі сыйақының төменгі шегі – тиісті қаржы жылына арналған бір ең төменгі жалақы мөлшерін құрайды.³⁵ Борышкер не кредитор осы аталған шектен жоғары мөлшерде сыйақы тағайындай алады. Банкроттық басқарушы үшін төменгі шек – екі ең төменгі жалақы мөлшері, жоғарғы шегі – үш ең төменгі жалақы мөлшері белгіленген.³⁶ Осы аталған сыйақылардың мөлшері – ай сайынғы төленетін сыйақы ретінде қарастырылатыны анық және бұл төменгі шектерден де төмен сыйақы белгілеуге болмайды.

³⁴ 29.07.2020 жылғы №3599-20-00-2a/2380 қаулы

<https://bestprofi.com/document/2421827791?23&isScroll=true>

³⁵ «Уақытша әкімшінің және уақытша басқарушының негізгі сыйақысының ең төменгі шегін белгілеу туралы» ҚР Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №345 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020320>

³⁶ «Банкроттық басқарушының негізгі сыйақысының ең төменгі және ең жоғарғы шегін белгілеу туралы» ҚР Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №344 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020321>

Алайда, оңалтуды басқарушыға төленетін сыйақыға қатысты төменгі және жоғарғы шек азаматтық заңнамамен қарастырылмаған, сыйақы мөлшері кредиторлар жиналысының шешімімен айқындалады. Әкімшінің негізгі сыйақысының белгіленуіне қатысты нормативті актілерді хронологиялық тізбекте қарасақ, ҚР Қаржы министрі әкімшінің негізгі сыйақысының мөлшерін реттейтін бұйрықтарды араға уақыт салып өзгертіп тұрады, солардың бірі - 18.03.2015 жылғы ҚР Қаржы министрінің «Уақытша әкімшінің және оңалтуды басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төменгі мөлшері, сондай-ақ уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының мөлшері мен оларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйырығы, бұл бұйрықтың күші жойылуына арқау болған бұйрық - 2017 жылдың 21 сәуіріндегі «Уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төмен және ең жоғарғы шектерін, сондай-ақ осындай сыйақыны төлеу қағидаларын бекіту туралы». Осы бұйрық бойынша барлық әкімшілерге негізгі сыйақының ең төменгі және жоғарғы шегі белгіленген еді, алайда бұл бұйрықтың да күші жойылды.

Осы жерде уақытша әкімші мен басқарушыға төленетін сыйақының жоғары шегін белгілеу және оңалтуды басқарушыға қатысты сыйақы шектерін айқындамау әрекеттерінің алып келуі мүмкін нәтижелерді қарастырып өтейік.

Біріншіден, әкімшілердің арасында сыйақының ең төменгі шегі бір ең төменгі жалақы мөлшерін құрайды. Сондықтан «кредиторлар жиналысымен оңалтуды басқарушыға төленетін сыйақы осы төменгі шектен де төмен болуы мүмкін ба?» - деген сұрақ туындайды. Бұл жоғарыда айтып өткеніміздей, әкімшімен жасалатын шарттың сипатына қарай, өйткені еңбек шарты болса, еңбек заңнамасының қағидаларының бірі – еңбек үшін ең төменгі жалақы мөлшерінен кем емес сыйақы алу құқығын қамтамасыз ету, сондықтан бұл жағдайда: «Жоқ, төмен болуы мүмкін емес» - деген жауап қайтарушы едік, алайда әкімшімен шарт азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт ретінде қарастырсақ, сыйақының мөлшері ең төменгі жалақыдан төмен болмауына кепілдік жоқ. Келесі қарастыратын іс те осы мәселенің мәнін ашады.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасымен қаралған №6399-16-00-2а\3159-16 істің мәні бойынша уақытша басқарушыға кредиторлардың алғашқы жиналысында 200 000 тенге мөлшерінде сыйақы белгіленген болатын. Бұл сыйақы әкімшілік шығыстар сметасына сай біржолғы төлем ретінде белгіленген, яғни уақытша басқарушы борышкерге қатысты 7 ай бойы өкілеттіліктерін атқарғанымен, оған 200 000 тенге төленген. Сондықтан уақытша

басқарушы бұны біржолғы төлем емес, ай сайынғы төлем болуы қажет екендігін айтып, сотқа шартта осы жағдай көрсетілген тармақты өзгерту туралы талап қойған болатын. Талап қоюшы талабын қуаттау барысында 200 000 тенгені 7 айға шаққанда және алым мен салықтарды алып тастағанда шығатын сомма ең төменгі жалақы мөлшерінен аз болатындығын айтқан болатын.

Бірінші сатыдағы сот әкімшіге төленетін сыйақыны оның еңбек заңнамасымен ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен болмауы қажет жалақысы ретінде қарастырмайды.

Бұл рәсімнің аясында уақытша басқарушыға төленетін сыйақы 18.03.2015 жылғы ҚР Қаржы министрінің «Уақытша әкімшінің және оңалтуды басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төменгі мөлшері, сондай-ақ уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының мөлшері мен оларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйырығына сай уақытша басқарушыға ай сайын сыйақы төленуі қажет және сыйақы мөлшері 29 730 тенгені құрауы тиіс.

Алайда, сот кредиторлардың алғашқы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде уақытша басқарушыға 200 000 тенгені сыйақы ретінде белгілегенін басшылыққа алып, бұл сомманың ең төменгі жалақы мөлшерінен аз емес екендігін айтады. Сондықтан уақытша басқарушының талабын қанағаттандырудан бас тартады, апелляциялық саты бұл шешімді өзгеріссіз қалдырады.³⁷

Екіншіден, оңалтуды басқарушылар үшін негізгі сыйақының ең жоғарғы мөлшерін айқындамау да әкімшілердің арасында кереғар жағдай туындатуы мүмкін, өйткені сот практикасында әкімшілерге белгіленген сыйақылардың мөлшері өте жоғары деңгейде болып жатады. Мысалы, №7199-16-00-2а-2859 іс бойынша банкроттық басқарушыға негізгі сыйақы ретінде 700 000 тенге белгіленген болатын, бұл уақытта ҚР Қаржы министрінің 18.03.2015 жылғы «Уақытша әкімшінің және оңалтуды басқарушылардың негізгі сыйақысының ең төменгі мөлшері, сондай-ақ уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының мөлшері мен оларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйырығы қолданыста болған еді.³⁸ Бұл бұйрық бойынша әкімшілер үшін сыйақының тек төменгі шегі ғана белгіленген еді, сот ісіндегідей әкімшіге жоғары мөлшердегі сыйақыны тағайындау, біріншіден, кредиторлардың өзіне де,

³⁷ 06.12.2016 жылғы №6399-16-00-2а\3159-16 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/1553278330?&isScroll=true>

³⁸ 16.06.2016 жылғы № 7199-16-00-2а-2859 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/932710402?&isScroll=true>

борышкердің де мүддесіне кереғар келсе, екіншіден, әкімшілердің арасында дау туындатуы мүмкін. Сондықтан да негізгі сыйақының жоғары шегін тағайындау да маңызды мәселе болып табылады.

А.В.Егоров мақаласында әкімшілерге қатысты сыйақының тіркелген жүйесіне сын айтады, өйткені әкімшілерге ай сайын белгілі соммада ақы төленіп отырады, демек, әкімшілер 10 және одан көп істерді өзінің басшылығына қабылдап, сәйкесінше ай сайынғы сыйақысын алып, бұл рәсімдерді жүргізуге асықпауы мүмкін. А.В.Егоровдың ойынша, әкімшінің сыйақы оның қызметінің тиімділігіне, жинаған мүліктік массасына байланысты болуы қажет.³⁹

Әкімші банкроттық не оңалту рәсімдері аясында жүзеге асырған өкілеттіктері үшін сыйақы алса, әкімшіден басқа да тұлғалар рәсім барысында әкімшінің өкілеттіліктерін өзіне қабылдап, жүзеге асыра алатындығы туралы айтып өткен болатынбыз. Енді осы тұлғалардың алуы қажет сыйақыларының мөлшеріне қатысты сұрақ туындайды.

Біріншіден, оңалту рәсмінде борышкерді басқаруды кредиторлар жиналысының шешімімен боршыкер – дара кәсіпкерге не борышкер – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшы (қатысушы) уәкілеттік берген орган не тұлға тағайындалса, бұл тұлғаға сыйақы қандай мөлшерде төленеді? Оңалтуды басқарушыға төленетін мөлшерде төленеді ма? Заңның қазіргі редакциясы бойынша оңалтуды басқарушыға төленетін сыйақы кредиторлар жиналысымен анықталады. Алайда, осыған дейін 2017 жылдың 21 сәуіріндегі ҚР Қаржы министрінің әкімшінің сыйақысына қатысты бұйрығына сай оңалтуды басқарушыға 25-50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы төленетін еді. Осы бұйрық қолданыста болған кезде 19 шілде 2018 жылғы МКК төрағасының блогына келіп түскен №508309 сауал бойынша осы мәселеге қатысты еді және берген жауабында оңалтуды басқарушыға төленетін сыйақы мөлшерінде төленбейтіндігін меңзеп, кредиторлар жиналысымен белгіленетіндігін айтқан болатын.⁴⁰

³⁹ Егоров А.В. Арбитражные управляющие: правовая природа, статус, вознаграждение за труд // Журнал Российской школы частного права. 2019 жыл. №4 басылым, 55-74 беттер

⁴⁰ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 19 шілде 2018 жылғы №508309 сауалына жауабы
https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39828078#pos=0;0

Тұжырым А

Оңалту және банкроттық рәсімдердің барысында Заңмен бекітілген өкілеттіктерді жүзеге асыратын әкімшінің құқықтық мәртебесінің негізін құрайтын элементтердің сипатына арналған бұл бөлімнің аясында келесідей тұжырымдар жасалған болатын:

(1) Борышкердің уақытша не тұрақты төлемқабілетсіздігі орныққан жағдайда сәйкесінше рәсімге тағайындалған әкімшінің басты міндеті – рәсімге қатысушы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бірдей деңгейде білдіріп, теңдік қағидатын сақтауы қажет;

(2) Банкроттық немесе оңалту рәсімдерінің аясында әкімшінің жүзеге асырған іс-әрекеттері борышкерге қатысты құқықтық салдарлар туындатады;

(3) Оңалту және банкроттық рәсімдерге тағайындалған әкімші рәсім қатысушыларының біріне қызмет көрсету үшін емес, өзіне Заңмен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін тағайындалады;

(4) Әкімші – борышкердің төлемқабілетсіздігі жағдайында сотқа істі қарауға көмектесететін және оның қатысушыларының мүдделерінің теңдігін қамтамасыз етуші тұлға;

(5) Әкімшінің қызметі «адалдық», «әділдік» және «парасаттылық» қағидаттарына сай атқарылуы тиіс;

(6) «Әкімші» мәртебесіне үміткер жеке тұлғаларға тағылымдама бағдарламасы әзірленгені жөн;

(7) Заңның 69-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасының нормасы өзгерістерді қажет етеді;

(8) Әкімшіні кредиторлар жиналысының шешімімен шеттету негізі әкімшінің бейтараптылық қағидасын сақтауына кедергі келтіреді;

(9) Әкімшіге және оның өкілеттіктерін атқару жүктелген тұлғаларға төленетін сыйақы нақты айқындалуы тиіс.

2 БӨЛІМ. ОНАЛТУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМДЕРДЕГІ ӘКІМШІНІҢ БІЛІКТІЛІГІ

2.1 Әкімші борышкердің жалғыз басқарушы органы ретіндегі құзыреттіліктер шегі

Заңның 12-бабының 6-тармағына сай банкроттық не оңалту рәсімдерінде борышкердің барлық органдары басқарудан шеттетіліп, оңалтуды басқарушы, санация қатысушысы, уақытшы басқарушы және банкроттық басқарушы жалғыз басқарушы орган ретінде қызмет атқарады. Бұл нормадан көретініміз, оңалту рәсімі бойынша уақытша әкімші борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде саналмайды, Заңның алдыңғы редакциясы бойынша әкімшінің барлығыда борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде қарастырылған, алайда 2019 жылы желтоқсанда енгізілген өзгерістер бойынша уақытша әкімші борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде саналмайды, өйткені Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес уақытша әкімшінің тағайындалу уақыты өзгерген болатын, яғни бүгінгі күні сотқа оңалту рәсімін қолдану туралы борышкерден не кредитордан өтініш түскен кезде, осы тұлғалар міндетті түрде уақытша әкімшімен оның өкілеттіліктерін жүзеге асыру туралы келесімге келеді, демек осы сәтте уақытша әкімшінің өкілеттіліктері басталады және сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарған сәттен бастап уақытша әкімшінің өкілеттігі тоқтатылады⁴¹, яғни уақытша әкімші оңалту рәсімін жүргізуге араласпайды, сондықтан да уақытша әкімші борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде танылмайды. Алдыңғы редакция бойынша уақытша әкімшінің өкілеттігі сот оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарғанда басталатын еді, сәйкесінше сол кездері уақытша әкімші оңалту рәсімін жүргізуге ат салысатын.

Әкімшінің борышкердің банкроттық не оңалту рәсімдерінде «жалғыз басқарушы органы» ретінде рәсім басталған сәттен бастап атқаруы тиіс өкілеттігінің ауқымы тым кең, өйткені Заңның 71, 88, 89-баптарында белгіленген әкімшінің өкілеттіліктерінде: «ҚР заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіліктерді орындауға міндетті» - деп, тізімді ашық қалдырылған. Сол себептен диссертациямызда отандық сот практикасында әкімшінің өкілеттілігіне қатысты кездескен кейбір даулы істерге шолу жасап өту жөн көрінеді.

⁴¹ «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының 12-бабының 2-тармағы https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31518958

Алдымен, Қостанай облыстық МАЭС-те уақытша әкімшінің талабы негізінде қозғалған №3971-16-00-2/4300 істі қарастырсақ, бұл істе «Т» ЖШС-нің уақытша әкімшісі Қостанай облысының мемлекеттік кірістер департаментіне салықтық тексеру қорытындысы бойынша шығарылған соммамен келіспей, хабарламаны заңсыз деп тану туралы талап қояды. Бұл істің басты назар аударатын тұсы – соттың ұстанымы, яғни хабарлама бойынша даулы сомма кредиторлардың тізіміне енгізілмеген, салық органдары уақытша әкімшіге өзін кредитор ретінде аталмыш сомманың көлемінде кредиторлар тізіміне қосу туралы жүгінбеген, сәйкесінше, уақытша әкімшінің құзыреттіліктерінің арасында кредиторлар реестріне енгізілмеген талаптарға дау айту туралы өкілеттілігі жоқтығынан, судья істі қараусыз қалдырады.⁴²

Бұл іспен мазмұны ұқсас Маңғыстау облыстық МАЭС қарастырған №4712-16-00-2/209 ісін талдап өтсек, іс бойынша банкроттық басқарушы салықтық тексерудің негізіндегі хабарламаны заңсыз деп тану туралы талап қояды. Хабарлама бойынша көрсетілген сомма кредиторлар тізіміне кіргізілмеген, алайда судья банкроттық басқарушының талабын қанағаттандырады.⁴³ Бұл арада банкроттық басқарушының өкілеттілігі туралы сөз қозғалмастан, судья оның пайдасына шешім шығарған болатын. Осы екі істі салыстыратын болсақ, талаптар ұқсас, дауланып отырған соммалар екі жағдайда да кредиторлар тізіміне енгізілмеген, алайда басты айырмашылық - сотқа талап арызбен жүгінген тұлғаларда, уақытша әкімші мен банкроттық басқарушы.

Бірінші іс бойынша судья уақытша әкімшінің аталмыш құзыреттілігінің жоқ екендігін негізге алады, алайда заң баптарында әкімшінің барлық түрлеріне қатысты өкілеттіліктері толық ашылып жазылмаған, сондықтан судьяның әкімшіге бұндай өкілеттілігінің заң бойынша көзделмегендігін алға тартқаннан, осы өкілеттіліктің жоқ болу себебін түсіндіргені жөн болар еді. Сол себепті, осы талдауды жасап өтетін болсақ: біріншіден, кредиторлық берешек сомасын даулау борышкердің құқығы⁴⁴ болғанымен, іс бойынша даулы сомма кредиторлық берешек болып табылмайды, болашақтағы не әлеуетті кредиторлық берешек ретінде қарастырсақ, заң

⁴² 23.01.2017 жылғы №3971-16-00-2/4300 сот шешімі/
<https://bestprofi.com/document/1508561866?3&isScroll=true>

⁴³ 3.05.2016 жылғы №4712-16-00-2/209 сот шешімі/
<https://bestprofi.com/document/1559049896?2&isScroll=true>

⁴⁴ «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының 11-бабы
https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31518958

нормаларына сай бұл қатынас реттелмеген және заңға сай уақытша әкімшіге тыйым салынбаған. Екіншіден, талап қоюшы болашақта болуы мүмкін кредитор болғандықтан, бұл сомманың ертелі-кеш кредиторлар тізіліміне талап ретінде ену мүмкіндігін ескерсек, бұл сомма уақытша әкімшінің сотқа ұсынатын қорытындысына ықпал ететіндігі мүмкін жағдай. Сонымен қатар, ҚР Салық кодексінің 177-бабының 2-тармағына сай салық төлеуші не салық агенті хабарламаны даулауға құқылы, бұл істің 27.12.2019 жылғы Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың алдында болғандығын ескерсек, ескі редакция бойынша уақытша әкімші де борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде әрекет еткен, сәйкесінше, бұл уақытша әкімшіге салықтық тексеріс бойынша хабарламаны даулауға мүмкіндік береді, ал Заңның қазіргі редакциясы бойынша 12-бабының 6-тармағына сай уақытша әкімші борышкердің жалғыз органы ретінде танылмайды, сәйкесінше бұл құқықтан уақытша әкімші айырылған.

Қарағанды облыстық МАЭС-та қарастырылған №3514-17-00-2-2477 іс бойынша «АФ» ЖШС-нің банкроттық басқарушысы ММ «Қарағанды қаласының жер қатынастарының, архитектура және қала құрылысы бөлімінің» (бұдан әрі - бөлім) әрекетіне шағымданады. Іс материалы бойынша банкроттық басқарушы бөлімге борышкердің мүлктік массасының құрамына кіретін объектіні эксплуатацияға енгізу туралы арызын қанағаттандырудан бас тартады және бас тарту негізінде банкроттық басқарушының бұндай әрекет жасауға құзыреттілігінің жоқ екендігін алға тартады. Алайда, судья банкроттық басқарушыны борышкердің жалғыз басқарушы органы ретінде танып, әкімшінің талабын қанағаттандырып, объектіні эксплуатацияға енгізеді.⁴⁵ Соттың ұстанымының дұрыстығын 5 маусым 2018 жылғы МКК төрағасының блогына келіп түскен №499097\1 сауалға берілген жауап қуаттай түседі, яғни банкроттық басқарушының объектіні эксплуатацияға енгізу туралы құжаттарға қол қоюға құзыретті екендігін айтады.⁴⁶

Сонымен қатар, әкімшінің құзыреттілігіне қатысты «банкроттық немесе оңалту рәсіміне жаңадан тағайындалған әкімшінің алдыңғы әкімшінің іс-әрекеттерін даулауға құқығы бар ма?» - деген сауалды жан-жақты зерттеуіміз қажет, өйткені бір уақытта орын алуы қажет екі жағдай болса, бұл сауалдың өзектілігінің артатындығы сөзсіз: біріншіден, алдыңғы әкімшінің борышкердің не кредиторлардың мүддесіне кереғар ықпал етуі

⁴⁵ 15.06.2017 жылғы №3514-17-00-2-2477 сот шешімі / <https://bestprofi.com/document/1765621104?4&isScroll=true>

⁴⁶ ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 25 мамыр 2018 жылғы № 499097/1 сұрағына жауабы https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32117939

мүмкін іс-әрекетті жасауы, екіншіден, әкімші жаңадан тағайындалған сәттен бастап оған қатысты туындайтын әкімшінің борышкердің және кредиторлардың мүддесінде адал қызмет ету міндеті. Бұл екі факторды ескерсек, бұл сауалға жауап оң болуы тиіс еді, алайда сот тәжірибесінде толығымен қарама-қарсы ұстаным қалыптасқан, бұған келесі қарастыратын істеріміз дәлел болып келеді.

Ақтөбе облысы МАЭС қарастырылған №1513-16-00-2/1424 іс бойынша «Х» ЖШС банкроттық басқарушысының «К» акционерлік қоғамы мен борышкердің алдыңғы әкімші «О»-ға талабында кредиторлар жиналысының кепіл мүлкін «К» акционерлік қоғамына беру туралы шешімін заңсыз деп табуды сұрайды, себебі алдыңғы банкроттық басқарушы жалақы төлеуге қатысты кредиторлардың талабын заңсыз кредиторлар тізіміне қоспағандығы анықталады. Алайда, сот талап қоюшының талабын қанағаттандырусыз қалдырады және талап қоюшының «О»-ның іс-әрекеттерін даулауға құқығы жоқтығын, себебі талап қоюшы оның құқықмирасқоры екендігін және Заңмен жаңадан тағайындалған әкімшінің алдыңғысының іс-әрекеттерін даулауға қатысты өкілеттілігінің қамтылмағандығын алға тартады.⁴⁷

Ақмола облысы МАЭС қарастырылған №1112-16-00-2/778 істе «Ж» ауыл шарушылық тұтыну кооперативінің банкроттық басқарушысы «К» борышкердің алдыңғы әкімші «Ш» мен дара кәсіпкер «Г» арасындағы ақылы қызмет көрсету туралы шартты жарамсыз деп тану туралы талабын сот қанағаттандырмайды. Өйткені, Заңның 12-бабының 12-тармағына сәйкес сот Курманғалиеваны Шалимовтың құқықмирасқоры ретінде танып, Курманғалиеваның өзінің алдындағы әкімшінің іс-әрекеттерін даулауға құқығының жоқтығын, Заңда аталмыш өклеттілігінің бекітілмегендігін көрсетеді.⁴⁸

Алматы қаласының МАЭС-та «С» ЖШС-нің банкроттық басқарушысы Алматы қаласының мемлекеттік кірістер департаментіне қойған талабының негізінде қарастырылған іс бойынша тараптардың, судьяның ұстанымынан түсінетініміз, банкроттық басқарушы борышкердің атынан басқа тұлғаларға сенімхат бере алады, судья да өз шешімін Заңның 12-бабының әкімші борышкердің жалғыз басқарушы органы деп қарастырылатын нормасына

⁴⁷ 19.08.2016 жылғы № 1513-16-00-2/1424 сот шешімі / <https://bestprofi.com/document/1552609412?0&isScroll=true>

⁴⁸ 17.06.2016 жылғы №1112-16-00-2/778 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/932803840?3&isScroll=true>

сілтеме жасай отырып негіздейді.⁴⁹ Сәйкесінше, Заңның 12-бабының 6-тармағына сүйенсек, оңалтуды басқарушы, санация қатысушысы, уақытша басқарушы мен банкроттық басқарушы борышкердің атынан үшінші тұлғаларға сенімхат бере алады.

Осылайша, заңнамамен анық көзделмеген әкімшінің өкілеттіліктері туралы бірнеше сот практикасын қарастырып шығып, түйген ойымыз – әкімшінің жүзеге асыруы тиіс өкілеттіліктердің ауқымы Заңмен белгіленгенін және бекітілмегенін қосқанда кең. Осыған түсіністікпен қараған Ресей Федерациясының заң шығарушылары рәсімдерге қосымша көмекші тұлғаларды тартуға заңнамалық дәрежеде рұқсатын берген, алайда осындай пікір Қазақстанда қалыптаспаған, дегенмен, әкімшілердің арасында аталмыш тәжірибе қолданылғанымен, бүгінгі күнге дейін бұл заңнамалық дәрежеде қолдауын таппады.

2.2 Оңалту немесе банкроттық рәсімдерге мамандарды тарту мәселесі

Әкімші борышкердің банкроттық не оңалту рәсімдерінің аясында рәсімге қатысты біліктілік таныту қажет болса, басқа қатысушыларға қатысты әділдік көрсету керек, осының нәтижесінде әкімші өзінің әрекеттерінде адал болуы тиіс. Әкімшінің рәсімге, оның қатысушыларына қатысты әрекеттерінде адалдығын көрсететін әрекеттерінің бірі – борышкердің мүлкін басқаруы, оның ішінде рәсімді жүргізуге байланысты шығыстардан, яғни әкімшілік шығыстардан көрініс табады. Заңның 100-бабының 1-тармағына сай, әкімшілік шығыстар әкімшілердің негізгі сыйақысын төлеу міндеті банкроттық туралы іс қозғалған күннен бастап және одан кейінгі кезең ішінде туындаған, тартылатын мамандардың көрсететін қызметтеріне ақы төлеу, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қамтиды. Осы анықтаманың негізінде мамандарға төленетін сыйақы мен еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға ақы төлеу мәселелерінде әкімшінің адал әрекеттерінің көрінісін қарастыру қажет.

Әкімшіге жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру құқығы берілген тұлғалардан басқа ешкімге Заң әкімші өкілеттіктерін жүзеге асыруға рұқсат бермейді, яғни әкімшілер өзіне жүктелген міндеттер мен құқықтарын үшінші тұлғаларға беру мәселесі, бұл олардың көмекшілері немесе рәсімге тартылған заңгер болсын, осы адамдардың өздеріне

⁴⁹ 14.12.2015 ЖЫЛҒЫ №2-18219\2015 сот шешімі/
<https://bestprofi.com/document/674620356?3&isScroll=true>

әкімшінің өкілеттіктерін қабылдауы. Заңмен императивті түрде әкімшіге жүктелген өкілеттіліктердің өзге тұлғаларға берілмейтіндігі туралы белгіленген норма бар. Сондықтан да осы норманың сот практикасында қолданылу жай-күйін қарастыру қажет, өйткені әкімшілердің арасында борышкердің төлемқабілетсіздігі рәсімдерінің аясында көмекшілерді не заңгерді қосымша тағайындау кеңінен кездеседі. Бұл жағдайдың жоғарыда айтылған нормаға қайшы келу не келмеу мәселесі өзекті болып отыр.

Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасымен қарастырылған №1199-16-00-2а/369 іс бойынша талап қоюшы «КТ «ЕК» ЖШС «НА» ЖШС-ң банкроттық басқарушысының әрекетін заңсыз деп тану туралы талап жүгінеді, талабын қолдау барысында банкроттық басқарушының көмекшісінің кредиторлар жиналысы барысында кредиторды дауыс беру құқығы жоқ кредитор ретінде тіркеуі іс-жүзіндегі жағдайға жанаспайтындығын айтады. Бұл кредиторлар жиналысына банкроттық басқарушы «А» сырқаттану себебінен қатыса алмаған, оның орнына кредиторларды тіркеуді оның көмекшісі «Б» жүзеге асырады. Судья «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның нормаларына анализ жүргізіп, біріншіден, банкроттық басқарушының басқа тұлғаларға өзіне жүктелген өкілеттіліктерді беруге құқығының жоқ екендігін, екіншіден, үшінші тұлғалардың осы өкілеттіліктерді өзіне қабылдап, банкроттық басқарушының атынан әрекет етуге рұқсат берілмегендігін айтады. Тағы да назар аударарлық жайт ретінде «А» өз атынан «Ш»-ға ұйымда өз атынан әрекет етуге сенімхат берген, яғни бұл сенімхат «НА» ЖШС-ң банкроттық басқарушысының атынан емес, жеке тұлға «А»-ның атынан берілген. Осылайша, бірінші инстанциядағы судьяның ұстанымын қолданған апелляциялық саты да «Ш»-ның тарапынан «Оңалту және банкроттық туралы» заңның нормаларын бұзушылықтың орын алғандығын мойындайды.⁵⁰ Осы сот ісінде істің мәнінен бөлек назар аударуымыз тиіс бөлік – судьяның анализі, өйткені судья бұл жерде үшінші тұлғалардың да өзіне әкімшіге жүктелген өкілеттіліктерді қабылдауға Заңмен құқық берілмегендігі туралы орынды ескерту жасап өтті.

Қостанай облыстық МАЭС қарастырған № 3971-19-00-2/5731 іс бойынша «А» ЖШС-ң оңалтуды басқарушысымен «Е»-ге берілген №1 сенімхаттың негізінде борышкердің қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметіне басшылық жасауға құқық береді, бірақ борышкердің мүлкін басқаруға қатысты барлық шешімдердің оңалтуды басқарушының келісімімен жүзеге асуы қажет екендігі көрсетіледі, алайда «Е» бұл шектеуге

қарамастан, борышкердің қаражатымен әкімшінің рұқсатынсыз билік еткен. Сот оңалтуды басқарушының өзіне жүктелген өкілеттіліктердің бір бөлігін басқа тұлғаға беру әрекетін заңға қайшы екендігін және сенім білдірілген адамның да әрекетін шешімінде заңсыз екендігін көрсетеді.⁵¹

Осы істер арқылы сотта сенімхаттың негізінде сенім білдірілген адам ие болған құқықтарды әкімшінің тарапынан өзіне жүктелген өкілеттіліктерді басқа тұлғаға беру әрекеті деп түсінеді және бұл әрекеттер Заңның нормаларына қайшы деген ұстанымды қалыптастырған. Алайда, 9 шілде 2019 жылғы МКК төрағасының блогына келіп түскен №557722\1 сауал келесідей: «Банкроттық басқарушы сотта өзінің мүдделерді білдіру үшін өзінің құқықтары мен міндеттерін сенімхат бойынша басқа тұлғаға беруге құқылы ма?». Бұл сұраққа келесідей жауап қайтарылған болатын: «Өкілеттілік ретінде жеке\заңды тұлғаның қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруға арналған құқықтары мен міндеттерін түсінеміз (мысалы, оңалту және банкроттық рәсімдер аясында әкімшінің кредиторлар жиналысын шақыруы және өткізуі). Алайда, бір тұлғаның басқаға өз мүддесін білдіру құқығын беруі, бірінші тұлғаның өзіне жүктелген өкілеттіліктерді екіншісіне беруді білдірмейді, мысалы, қажетті ақпараттарды алу үшін сұрауды әкімші толырып, қол қояды, бірақ сұрауды тапсыруды өкілі жүзеге асыру мүмкін. Сәйкесінше, оңалту және банкроттық рәсімі барысында әкімші Заңда белгіленген өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға бере алмайды, алайда басқа тұлғаға, оның ішінде сенімхат арқылы, оның атынан өкілеттіктерді іске асыруға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін уәкілетті беруге құқылы».⁵² Бұл мәселе бойынша сот практикасы көрсетіп отырған ұстаным мен уәкілетті органның осы мәселеге қатысты білдірген ұстанымы арасында қаншалықты байланыстың бар екендігін анықтау үшін сот істерін уәкілетті органның ұстанымының призмасынан өткізіп, талқылап көрелік:

Бірінші іс бойынша әкімші сенімхат арқылы көмекшісіне ұйымда өзінің атынан әрекет етуге құқық берген, ал көмекшісі осы құқықты пайдаланып, кредиторлар жиналысында кредиторларды тіркеуді жүзеге асырған, алайда уәкілетті органның айтып отырғаны, бұл жағдай бойынша әкімші кредиторларды тіркеуді жүзеге асыруы тиіс, ал көмекшісі осы кезде тіркеуді жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттерді жасауы тиіс, мысалы, кредиторларды тіркеу үшін әкімшіге қағаз-құжаттарын дайындауы мүмкін.

⁵¹ 11.03.2020 жылғы № 3971-19-00-2/5731 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/2421604579?10&isScroll=true>

⁵² ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 9 шілде 2019 жылғы №557722/1 сұрағына жауабы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34344377

Демек, бұл арқылы түсінетініміз, уәкілетті орган да әкімшінің өкілеттіліктерді тікелей басқа тұлғаға бере алмайтындығын айтып, сот практикасының ұстанымын қолдап отыр, уәкілетті орган ары қарай жылжып, әкімшінің осы өкілеттіліктерді жүзеге асыруға бастамашы, алдыңғы әрекеттерді жасауға құқық беруге болады деген ұстанымды ұстанып отыр.

Келесі талқылайтын, Жамбыл облыстық МАЭС қарастырған №3115-17-00-2/2608 іс бойынша Қордай аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы борышкер «А&Б» ЖШС-і кредиторларының алғашқы жиналысын өткізген, кейін бұл жиналысқа уақытша басқарушы қатыспағандығы анықталып, сот уақытша басқарушының талабын қанағаттандыра отыра, мемлекеттік кірістер басқармасының әрекетін заңсыз деп таниды да кредиторлардың алғашқы жиналысының шешімінің күшін жояды.⁵³ Бұл істен көретініміз, алдыңғы істердегідей әкімшінің рұқсат берген жағдайларын қоспағанда, әкімшінің рұқсатынсыз оған жүктелген өкілеттіліктерді басқа тұлғалардың жүзеге асыруына құқық берілмеген. Осы жағдай туралы жоғарыда талқылаған Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасымен қарастырылған №1199-16-00-2а/369 іс бойынша да судьяның шешімінде көрініс тапқан Заң нормаларына жүргізген анализінен де байқаймыз, яғни үшінші тұлғаларға әкімшіге жүктелген өкілеттіліктерді өзіне қабылдап, жүзеге асыру құқығы Заңмен қарастырылмаған және бұл сот ісі судьяның сол ескертпесінің мәнін анық ашады.

Осылайша, бірінші мәселені талқылау нәтижесін шығаратын болсақ, Заңның императивті нормасымен сот практикасы бір бағытта, Заңда анық белгіленбеседе, әкімшіге жүктелген өкілеттіліктерді, әкімшінің рұқсатымен не рұқсатынсыз, үшінші тұлғалардың өзіне қабылдауына тыйым салынғандығына сот практикасы қолдау көрсетіп отыр.

Осы тақырыптың төңірегінде талқылануы тиіс келесі мәселе әкімшілердің арасында кеңінен таралғанымен, бұл мәселені қарастыруымызға арқау болған себеп - жоғарыда аталған уәкілетті органның ұстанымы болып отыр. Өйткені, осыған дейін болған сот істерінде әкімшінің көмекшілерінің болғандығын аңғарамыз, алайда Заңның мәні бойынша әкімшілерге көмекші тағайындауға нақты құқық берілмеген, дегенмен, уәкілетті органның осы мәселеге қатысты ұстанымының қарама-қарсы бағытта екендігін білеміз, яғни «әкімші өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру үшін жасалатын әрекеттерді жүзеге асыруды басқа тұлғаға тапсыруға

болады» - деген пікір білдірген болатын. Осы әрекетті жүзеге асыратын тұлға көмекші не белгілі бір маман болуы әбден мүмкін.

Бұл ретте, біріншіден, әкімшіге қойылатын талаптарды да ескерсек, әкімші не экономика не құқық не бизнес салаларының бірі бойынша маман болады, сәйкесінше, оның қалған салаларда білімі таяз болуы ықтимал, екіншіден, әкімшіге жүктелген өкілеттіліктердің ауқымы тым кең, сондықтан әкімшілердің рәсім аясында басқа адамдарды іске тарту ықтималдығы артады. Алайда, айтып өткеніміздей, әкімшіге көмекші не мамандарды тартуға құқық беретін нақты норма заңнамамен қарастырылмаған, керісінше, Заңның 12-бабының 1-тармағының екінші бөлігінен түсінетініміз, әкімші жалғыз әрекет етуі тиіс. Дегенмен, Заңның 100-бабының 1-тармағына сай рәсімге тартылған мамандарға төленетін ақы әкімшілік шығыс ретінде қарастырылады, яғни норманы талдайтын болсақ, рәсімге мамандарды тартуға болады, бұл шешімнің кредиторлар жиналысы арқылы өтетіндігі де анық және әкімші ай сайын кредиторлар комитетіне әкімшілік шығысқа қатысты есеп беріп отырады. Осы бағытта ойымызды жалғастыратын болсақ, бұндай мамандар ретінде арнайы лицензияны қажет ететін мамандар деп қарастырамыз, мысалы, бағалаушы не аудитор. Егер әкімші көмекші тағайындаса не сотта өзінің мүддесін білдіру үшін заңгердің қызметіне жүгінсе, «әкімшінің бұл әрекеті банкроттық не оңалту рәсімдерінің барысындағы адал, парасатты және әділ әрекет ету қызметінің мәніне қайшы келмейді ма?» - деген сауалдың өзектілігі артады. Бұл сауалдың туындауының негізі әкімшіге жүктелген басты міндетте жатыр, яғни әкімші борышкер мен кредиторлардың мүддесінде адал түрде әрекет етуі тиіс, ал борышкердің төлемқабілетсіздігі рәсімдеріне мамандарды тарту кредиторлармен қатар борышкердің де мүддесіне қайшы келетін әрекет болып табылады, өйткені мамандарға төленетін сыйақы әкімшілік шығыс ретінде қарастырылып, кредиторлардың талабынан бұрын өтеледі, сәйкесінше, мүліктік массаның азаюына алып келеді. Бұл жердегі басты идея: «кредиторлар жиналысы рұқсатын берген жағдайда да рәсімге заңгер тартылса, сәйкесінше әкімшілік шығыстар ұлғаяды, алайда осындай қосымша шығыстарды болдырмауға болатын еді және бұл шығыстар болмауы тиіс, өйткені әкімші сол заңгердің тартылу себептері бойынша атқарылатын іс-әрекеттерді өзі жүзеге асыруға міндетті». Міне осы идеяны Заң ұсынады және бұл идеяны заңқолданушылар ұстануы тиіс, алайда уәкілетті органның 9 шілде 2019 жылғы №557722\1 сауалға берген жауабы бұл идеядан ауытқуға мүмкіндік береді. Бұл заңгерлердің қызметімен қатар әкімшінің көмекшілеріне де қатысты қолданылуы мүмкін.

Жоғарғы Соттың «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативті қаулысының 23-тармағына сай, әкімшілік

шығыстарына арналған қаражатты мақсатсыз пайдалану, сондай-ақ лимитті артық жұмсау банкроттық (оңалту) басқарушыны борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттету үшін және оны Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту үшін негіз болып табылады. Әкімшілік шығысқа бөлінетін қаражаттың мақсатына сай пайдаланылуына кредиторлар комитеті бақылау жүргізеді.⁵⁴ Дегенмен, заң шығарушының тарапынан немесе уәкілетті органның тарапынан бұл нормаға қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілмегендігінен, қандай сомманың көрсеткішінде әкімшілік шығыстардың қажетті лимитінен асқандығын айқындайтын шектер белгіленбеген, бұл тек рәсімге тартылатын мамандарға төленетін сыйақыға ғана қатысты емес, жалпы әкімшілік шығыс ретінде саналатын шығындар реттелмеген. Сәйкесінше, бұл жағдайда барлық әкімшілердің тарапынан адал, парасатты және әділ әрекет ету сұралады.

Егер РФ заңнамасымен салыстырсақ, РФ банкроттық туралы заңының 20.3-бабының 1-тармағының 5-ші абзацына сүйенсек, әкімшіге борышкердің қаражатынан ақылы шарт нысанда өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін мамандарды тартуға кұқық берілген. Сәйкесінше, мамандарға төленетін сыйақы борышкердің активтерінің құнына қарай өзгеріп отырады, бұл РФ банкроттық туралы заңының 20.7-бабының 3-тармағымен реттелген, бұл лимиттен асу әкімшіні жауапкершілікке тартуға негіз болып табылады. Алайда, РФ Жоғарғы арбитражды соты Пленумының 17 желтоқсан 2009 жылғы №91 «Банкроттық іс бойынша шығыстарды өтеу тәртібі туралы» қаулысының 4-тармағына сай мамандарды рәсімдерге тарту негізді болуы қажет, оның негіздігін дәлелдеу үшін бұл әрекет банкроттық рәсімдердің мақсатына жету үшін бағытталғандығын, рәсімге тартылатын маманға жүктелетін функцияларды әкімшінің өзі атқаруға мүмкіндігінің жетуін, осы функцияларды атқару үшін міндетті түрде арнайы білім қажеттілігін және маман қажетті біліктілікке иелігін анықтап алу қажет.⁵⁵

Әкімшілік шығыстардың бірі – банкроттық туралы іс қозғалған күннен бастап және одан кейінгі кезең ішінде туындаған еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығындар.

⁵⁴ «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы №5 нормативті қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000055>

⁵⁵ "Банкроттық туралы іс бойынша шығындарды өтеу тәртібі туралы"17.12.2009 N 91 РФ Жоғары Арбитраждық сотыны Пленумының қаулысы http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_96486/

Алматы қаласы МАЭС-да қаралған №7527-16-00-2/11437 істің мәні келесідей:

Борышкердің кредиторлар комитетінің келісімімен, оңалтуды басқарушының үш жұмыскер санында штаттық кестесі бекітілген болатын – оңалтуды басқарушы, бухгалтер және менеджер. Оңалту рәсімінің аясында оңалтуды басқарушымен борышкер ұйымға бухгалтер мен менеджерге еңбек шарты бойынша жұмысқа қабылданған болатын. Алайда, рәсім барысында оңалтуды басқарушының, оңалту рәсімінің бухгалтері мен менеджерінің қызметіне төленетін ақылардың негізінде берешек пайда болады, кейіннен оңалту рәсімі банкроттық рәсімге өткен болатын. Банкроттық басқарушы бұл берешекті кредиторлар талабының тізіміне қосудан бас тартады, өйткені талап қоюшылар борышкерге талап беру процедурасын сақтамағандығын алға тартады. Алайда, сот оңалтуды басқарушының ағымдағы төлемдері, зейнетақы аударымдары бойынша, жалақы бойынша берешекті кредиторлық берешек ретінде қарастырмайды, өйткені сот оңалтуды басқарушы мен банкроттық басқарушының арасында құқықмирасқорлық қатынастарды басшылыққа алып, аталмыш берешек оңалту рәсімінің барысында пайда болғандығын көрсету арқылы банкроттық рәсім шегіндегі әкімшілік шығыстың құрамына кіру қажеттігімен талапты қанағаттандырып, берешекті кредиторлар талабының тізіміне енгізеді.⁵⁶

Бұл жерде соттың ұстанымының арасында қайшылықтар орын алғанын көріп отырмыз, біріншіден, судья берешекті кредиторлық берешек ретінде танымайды, оны банкроттық рәсім аясындағы әкімшілік шығыстарға қосу керектігін көрсетеді, екіншіден, шешімінде бұл берешекті кредиторлар талабының тізіліміне енгізеді. Бұл жерде басты сұрақ: «Әкімшіге төленетін сыйақы қай кезекке қойылды?», өйткені бұл заңнамамен қарастырылған бес кезектің ешқайсысына сай келмегендігімен қатар, бұл істе дауланып отырған сомма толығымен оңалту рәсімі барысындағы әкімшілік шығыс, сондықтан бұл іс бойынша талап қоюшылардың тарапынан талаптың дұрыс қойылмағандығынан деп түсінеміз.

Отандық заңнамामызда банкроттық және оңалту рәсімдерінде әкімшінің әділдігі мен адалдығын көрсететін әрекеттер санталай болғанымен, әкімшінің бұл қырларының ақсауына заңнама нормалары да өз әсерін тигізуде. Диссертациямыздың шегінде осындай жағдайдың бір тұсын көрсеткенімізбен, заңнаманың толығымен реттелмеуі, тізбектелген бірнеше мәселенің туындауына мұрындық болатынын көзіміз жетті.

Сонымен қатар, осы мәселеге қатысты уәкілетті органның ұстанымы белгілі, алайда рәсімге тартылған заңгерге төленетін сыйақының мүлдіктік массадан алынуы қажеттігіне күмәніміз бар. Өйткені, бұл жерде әкімші заңгерді қандай мақсатпен рәсімге тартқанын анықтаған жөн. Бұл мәселені толық түсіну үшін келесі іске назар аударайық:

РФ Жоғарғы Сотының 2019 жылдың 14 қазанында қараған №305-ЭС16-20779 ісінің мәні келесідей:

Конкустық басқарушы мен адвокаттар алқасының арасында конкурстық басқарушының іс-әрекеттерін кредиторлардың даулауына қатысты істі жүргізу бойынша келісім жасалды.

Кредитор осы келісімнің заңсыздығын даулап, адвокаттарға борышкердің мүлдіктік массасынан төленген сыйақыны қайтару туралы сотқа жүгінген болатын. Бұл іс кассациялық сатыға жеткенге дейін алдыңғы инстанциялар талап қоюшының талабын қанағаттандырмаған еді. РФ Жоғарғы Соты келесідей тұжырымға келеді:

Егер арбитраждық басқарушы кредиторлар мен борышкердің өкілі ретінде олардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауға әрекеттенсе, онда осы іске тартылған заңгердің сыйақысы мүлдіктік массадан алынуы тиіс. Алайда, іс бойынша арбитраждық басқарушы мен кредиторлар не борышкердің мүдделері бір-бірлеріне қарама-қарсы келсе, яғни арбитраждық басқарушы өз құқығын қорғауға әрекеттенсе, іске тартылған заңгерге төленетін сыйақы арбитраждық басқарушының қалтасынан шығу қажет.⁵⁷

Бұл істен түсінетініміз, әкімшінің әрекеттері даулану барысында әкімшінің өз құқықтарын қорғау үшін келісетін заңгеріне төленетін сыйақы әкімшінің өзі қамтамасыз етуі қажет. Бұл тұжырыммен толықтай келісуге болады, өйткені банкроттық және оңқлту рәсімдерінің басты мақсаты төлемқабілетсіздіктен арылу, кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру болып табылады. Сондықтан әкімшінің осы мақсатқа қарсы әрекет етпеуін, мүлдіктік массаның азаюына алып келмеу жағдайларын алдын-алу үшін осы тұжырым заңнамалық деңгейде көрініс табуы қажет.

2.3 Әкімшінің өз өкілеттіліктерін борышкердің орналасқан жері бойынша жүзеге асыру міндеті

⁵⁷ РФ Жоғарғы Сотының 2019 жылдың 14 қазанында қараған №305-ЭС16-20779 ұйғарымы // https://kad.arbitr.ru/Document/Pdf/2f7804e6-7c52-49e4-8ab3-69f0713fa52b/34de141a-83c2-461e-9184-3cda6f6f01ec/A40-154909-2015_20191014_Opredelenie.pdf?isAddStamp=True

Заңның 12-бабының 6-тармағының төңірегінде саралануы тиіс тағы бір мәселе – оңалтуды басқарушы мен банкроттық басқарушының өз өкілеттіліктерін борышкердің тұрған жері бойынша жүзеге асыру міндеті, бұл норма да енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың әсерінен өзгеріске ұшыраған болатын, өйткені алдыңғы редакцияға сай уақытша әкімші мен басқарушылар да өз өкілеттілігін борышкердің тұрған жері бойынша іске асыруы тиіс еді. Дегенмен, зерттеу жұмыстарын жүргізуге басы ашылмаған бірнеше сұрақтардың болуы мұрындық болған еді.

Біріншіден, «Әкімші мен борышкер бір территориялық аймақта тіркелуі - оңалту және банкроттық рәсімдерінің арасында міндетті шарт па? Сәйкесінше, әкімшінің борышкердің тұрған жерінен өзге аймақты тұрақты тұру фактісі Заңның 12-бабының 6-тармағына қайшы келеді ма? Жалпы, басқа аймақта тіркелген әкімшіні борышкердің банкроттық не оңалту рәсімдері аясында тағайындауға болады ма? Әкімшінің басқа аймақта тіркелуі оның борышкерге қатысты тағайындалуына кедергі болатын фактор ма?», осындай бірінен-бірі туындайтын сұрақтар алғашқы талқылайтын мәселеміз, өйткені, біріншіден, Заңның мазмұны бойынша бұл жағдайға тыйым салынбаған, яғни әкімші мен борышкердің бір территориялық аймақта тіркелуі міндетті шарт ретінде Заңмен белгіленбеген және Заң: «Оңалтуды басқарушы мен банкроттық басқарушы өз өкілеттіліктерін борышкердің тұрған жері бойынша жүзеге асыру міндетті» - дегенімен, бұл нормадан әкімшінің борышкер орналасқан жеріне барып, өзінің өкілеттілігін атқарса, жеткілікті болатындығын меңзейді, бұл ешқалай олардың бір аймақта тіркеліп, қызметтерін атқаруларын білдірмейді. Сәйкесінше, бұл жерде келесідей сұрақ туындайды: «Бұл жағдайда әкімшінің жүріс-тұрысына кететін шығындарды кім өтейді?». Бұл сұрақтың туындауы орынды жағдай, өйткені, аталмыш шығындарды борышкердің мүлкінен өтелетін әкімшілік шығыс ретінде қарастырсақ, бұл борышкердің және кредиторлардың өздерінің де мүдделеріне қайшы әрекет ретінде есептеуге болады, себебі, біріншіден, оңалтуды басқарушының не банкроттық басқарушының кандидатурасын кредиторлар жиналысы белгілейді, бұл процеске борышкер қатыспайды, екіншіден, әкімшілік шығыстың ұлғаюы - екі тарапқа да қажет емес құбылыс, өйткені кредиторлар басқа аймақта тұрақты тұратын әкімшіні тағайындай отыра, өздеріне-өздері кереғар әсерін тигізетін шешім қабылдайды, өйткені бес кезектегі барлық кредиторлардың талаптарының толығымен қанағаттандырылатына Заң кепілдік бермейді және әкімшілік шығыстар бұл кезектерден тыс ай сайын өтеледі, сәйкесінше борышкердің мүлкітік массасы азая түседі, сол себептен борышкер де, кредиторлар да өз талаптарынан басқа, әкімшілік шығыстың осы себеппен ұлғаюын қаламайтындықтары анық. Бұл шешім борышкермен

келісілмегендіктен, борышкермен бұл кредиторлар жиналасының шешімін даулауға негіз болатындай, өз наразылығын білдіретіндей себеп болып табылады. Алайда, борышкер кредиторлардың бұл шешіміне қарсылығын білдірмесе, бұл кредиторларға қатысты тәуекел болады.

Бұл сұрақтарға қатысты біздің ұстанымымыз келесідей: «Егер бұл мәселеге әкімшінің тарапынан қарайтын болсақ, онда, иә, әкімші белгілі бір борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін атқаруы үшін әкімші мен борышкер бір территориялық аймақта тіркелулері қажет, себебі, біріншіден, әкімшінің бір мезгілде тағайындалуы мүмкін рәсімдердің саны Заңмен шектелмеген, сәйкесінше, бір әкімші Қазақстанның шет-шетінде орналасқан борышкерлерге қатысты тағайындалуы мүмкін, бұл рәсімдерді әкімші физикалық тұрғыда басқара алмауы мүмкін және осының әсерінен әкімшінің қызметінің сапасы ақсауы да мүмкін жағдай, екіншіден, ескерілуі тиіс маңызды факт – бұл рәсімдердің бірнеше жылға созылу мүмкіндігі. Сондықтан да әкімші өзі тұрақты тұратын аймағының шегінде борышкерлердің дәрменсіздігі рәсімдеріне тағайындалғаны жөн. Дегенмен, әкімшілік шығыстың ұлғаю тәуекелі алдымен кредиторлардың мүддесіне қайшы екендігін ескеретін болсақ, басқа аймақтағы әкімшіні кредиторлардың өздері таңдайтындықтан және заң шығарушы кредиторларға осындай әрекетке жол бергендігінің негізінде басқа аймақта тұрақты тұратын әкімшіні тағайындау мүмкіндігіне қарсылық білдірмейміз». Сондықтан, осы мәселеге қатысты келесі сот ісін қарастырып көрейік:

Павлодар облыстық МАЭС-та қаралған №5501-17-00-2/623 іс бойынша борышкердің екі кредиторы банкроттық басқарушының кандидатурасы таңдалған кредиторлар жиналысының шешімін заңсыз деп тануды сұрайды. Талап қоюшылар талаптарын қуаттау барысында банкроттық басқарушының Алматы қаласында тұрғылықты тұратынтындықтан, 12-баптың нормаларына сәйкес келмейтіндігін және оның күнделікті жүріс-тұрысы қосымша шығын ретінде әкімшілік шығыстарды ұлғайтатындығын, ал бұл кредиторлардың заңды мүдделері мен құқықтарын бұзатындығын айтып, Павлодар қаласында тұратын әкімшілердің арасынан біреуін таңдауды сұрайды. Сот талап қоюшылардың бұл талаптарын келесі негіздерде қанағаттандырусыз қалдырады:

Біріншіден, әкімші ретінде біліктілік емтиханын сәтті тапсырған, уәкілетті органға әкімші қызметінің басталғаны туралы хабарламаны берген адамдардың ішінен тағайындалады. Сондай-ақ, кредиторлардың алғашқы жиналысында әкімшінің кандидатурасы әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізіліміне енген адамдардың ішінен таңдайды. Ал, тағайындалған банкроттық басқарушы туралы ақпараттар

уәкілетті органның ресми сайтында орналасқандықтан, оны тағайындауға ешқандай кедергі болмады. Егер тағайындау барысында кедергінің бар екендігі анықталса, уәкілетті орган банкроттық басқарушыны банкроттық рәсім аясында тағайындаудан бас тартушы еді.

Екіншіден, банкроттық басқарушы борышкердің орналасқан жері бойынша өз өкілеттіліктерін атқаруы тиіс, алайда бұл әкімші тағайындалғаннан кейін ғана орын алатын жағдай, яғни әкімші тағайындалып болғаннан кейін барып, өз өкілеттіліктерін борышкердің орналасқан жерінде іске асыруы тиіс. Сондай-ақ, әкімшінің басқа аймақтан болмауы тиіс екендігін көрсететін норма Заңмен қамтылмағандықтан, банкроттық басқарушының Алматы қаласынан болуы банкроттық рәсіміне әкімші ретінде тағайындалуына кедергі болатын негіз емес.⁵⁸ Бірінші сатыдағы соттың шешімі апелляциялық сатыда қаралғанымен, өзгеріссіз қалдырылған.⁵⁹

Бұл сот ісінен көріп отырғанымыздай, біріншіден, талап қоюшы ретінде борышкердің кредиторлары көрсетілген, демек, әкімшінің жүріс-тұрысына кететін шығынның әкімшілік шығысты ұлғайту мүмкіндігіне, борышкерден бөлек, шешімнің қабылдануына қарсылығын білдірген кредиторлардың да наразылығын туындатып отыр. Екіншіден, әкімшінің басқа аймақтан болуы, судьяның шешімі бойынша оның рәсім барысында тағайындалуына кедергі келтіретін жайт ретінде қарастырылмаған, өйткені уәкілетті орган кредиторлар ұсынған әкімшінің кандидатурасын борышкерге қатысты бекіту процесінде қандай да бір кедергі келтіретін факторды анықтаса, бұл кедергі әкімшінің басқа қалада тұратындығымен көрініс тапса, уәкілетті орган бұл кандидатураны тағайындаудан бас тартатын еді.

Қарастырып отырған норма екі қырынан зерттеуді талап еді. Біріншісі, бұл жоғарыда аталған мәселе болса, екіншісі, әкімшінің өкілеттіліктерін тікелей борышкер орналасқан жерде орындауы. Екінші мәселенің аясында қарап өтілуі тиіс бірнеше сот ісі бар, себебі осы істер арқылы норманың мәні ашылады.

Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер бойынша алқасымен қаралған №3199-16-00-2а/451 іс бойынша сот борышкердің кредиторы банкроттық басқарушының кредиторлар жиналысының отырысын

⁵⁸ 30.03.2017 жылғы №5501-17-00-2/623 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1670483183?4&isScroll=true>

⁵⁹ №5599-17-00-2а/1097 іс бойынша 18.07.2017 жылғы қаулы
<https://bestprofi.com/document/1766606904?6&isScroll=true>

борышкер орналасқан жерден басқа жерде өткізу туралы әрекетін заңсыз деп тану туралы талабын қанағаттандырады.⁶⁰

Бұл іс әкімшіге жүктелген осы міндеттің мағынасын ашса, келесі істер бұл міндетті басқа қырынан көрсетеді:

Жамбыл облысының МАЭС-да қаралған №3115-16-00-2/1192 іс бойынша талап қоюшы-кредитордың банкроттық басқарушының кредиторлар жиналысының отырысын борышкердің орналасқан жерінен басқа жерде өткізу туралы әрекетін заңсыз деп тану туралы талабын қанағаттандырусыз қалдырған болатын. Борышкердің орналасқан жері Жамбыл облысының Қордай ауылында, ал жиналыс өткізілетін жер ретінде Алматы қаласы белгіленген болатын. Банкроттық басқарушы кредиторлар жиналысын Алматы қаласында өткізу туралы шешім кредиторлар жиналысында қабылданғанын және бұл шешім оның бастамашылығымен орын алмағандығын айтқан болатын. Солайша, сот талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бастартады.⁶¹

Дал осы тұлғалардың қатысуымен 23 сәуір 2018 жылы Жамбыл облысының МАЭС-да жоғарыда сөз болған кредиторлар жиналысының жиналыстарды Алматы қаласында өткізу туралы шешімі қарастырылған болатын. Бұл жол талап қоюшы-кредитор банкроттық басқарушының әрекетін емес, сол шешім қабылданған кредиторлар жиналысының шешімін заңсыз деп тану туралы талаппен жүгінген болатын және сот талап қоюшының талабын қанағаттандырды. Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасымен қаралған №3199-18-00-2а/545 іс бойынша банкроттық басқарушы бірінші сатының шешімімен келіспей, наразылығын білдірген болатын. Талабын қуаттау барысында бұл шешімді кредитордың осыған дейін даулап, сотқа жүгінгенін және №3115-16-00-2/1192 іс бойынша оның талабының қанағаттандырылмағанын айтады. Алайда, апелляциялық саты бұл екі іс бойынша талаптардың әртүрлі екендігін және бұл мәселе кредиторлар жиналысының өкілеттігіне кірмейтіндігін көрсетеді де бірінші сатының шешімін өзгеріссіз қалдырып, банкроттық басқарушының талабын қанағаттандырмайды.⁶²

Бұл істерден көретініміз, талаптың мазмұны үлкен рөл атқарады, дегенмен, бұл істердің арасы екі жыл мерзімді құрайды және екі жыл бойы

⁶⁰	27.04.2016	жылғы	№3199-16-00-2а/451	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/927614345?57&isScroll=true				
⁶¹	22.08.2016	жылғы	№3115-16-00-2/1192	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1554523026?58&isScroll=true				
⁶²	04.07.2018	жылғы	№3199-18-00-2а/545		қаулы
	https://bestprofi.com/document/2004211231?60&isScroll=true				

банкроттық басқарушы кредиторлар жиналысын өткізген-өткізбегендігі туралы соттардың шешімінде сөз қозғалмаса да, бұл жағдай болуы мүмкін емес құбылыс, яғни талап қоюшы кредитор Алматы қаласында өткен жиналыстарға қатысты деген ой туындайды. Талап қоюшы бірінші іс бойынша банкроттық басқарушы қабылдамаған шешімді даулағандықтан, оның талабы қанағаттандырусыз қалдырған және судья істі талаптың шеңберінде қарастыратындықтан, банкроттық басқарушыны істемеген әрекетін заңсыз деп танымаған еді. Екінші іс бойынша судья кредиторлар жиналысының бұндай шешім қабылдауға өкілеттіліктері Заңмен қарастырылмағандығын көрсеткенімен, бұл міндеттің Заң бойынша әкімшіге жүктелгенін және кредиторлар жиналысы өзіне әкімшінің өкілеттігін қабылдағаны туралы сөз қозғамады, алайда Заң бойынша кредиторлар жиналысының өкілеттіктерінің тізімі ашық, сәйкесінше бұл құқықтың Заңда бекітілмегендігі әлі нақты себеп емес, бұны әкімшінің өкілеттіктері туралы зерттеуімізде көрсетіліп өтілді.

Бұл жерде банкроттық не оңалту рәсімдеріне қатысты әкімшінің және кредиторлар жиналысының айрықша құзыреттілігіне кіретін өкілеттіктері бар және мәселе осы өкілеттіктерде жатыр. Өйткені, кредиторлар жиналысы – борышкердің банкроттық не оңалту рәсімі туралы іс аясында жұмыс істейтін азаматтық-құқықтық қоғамдастықтың қатысушыларының тобы. Бұл топтың міндеті – қауымдастық қатысушыларының мүліктік мүдделерін қорғау. Кредиторлар жиналысы борышкердің басқару органы болып табылмайды.⁶³ Сәйкесінше, кредиторлар жиналысының жүзеге асыруы тиіс айрықша құзыреттілігіне кіретін өкілеттіктері Заңмен толық тізбектеліп жазылмаса да, бұл олардың әкімшінің айрықша құзыреттілігіне кіретін міндеттер мен құқықтарды иемденуге болатындығын білдірмейді. Демек, кредиторлар жиналысы әкімшінің өз өкілеттіктерін атқаруына кедергі келтірмеуі тиіс және керісінше жағдай. Дәл осындай өкілеттіктердің бірі – жоғарыда сөз болған, әкімшінің кредиторлар жиналысын ұйымдастырып, өткізуі. Бұл міндет әкімшіге Заңның 24-бабының 1-тармағына сай тікелей жүктелген және бұл бапта өзгеше жағдайлардың орын алу мүмкіндігі қарастырылмаған.

Осы ретте, 2018 жылы 26 желтоқсанда Ресей Федерациясының Жоғарғы сотының Президиумымен қабылданған банкроттық рәсімдерінде кредиторлар жиналыстары мен комитеттерінің шешімдерін жарамсыз деп тануға байланысты мәселелер бойынша сот практикасына шолуында талқылану үстіндегі мәселе бойынша келесідей тұжырым білдірген болатын:

⁶³ Бежан А. Собрание кредиторов vs арбитражный управляющий: разграничение компетенций // Арбитражная практика. 2019 жыл. №6 басылым.

«Борышкердің кредиторларының жиналысы банкроттық туралы заңда өзінің құзыретіне тікелей жатқызылмаған сұрақ бойынша шешім қабылдауға құқылы. Мұндай шешім банкроттық рәсімдерін жүзеге асыруға және әкімшінің өз міндеттерін орындауына кедергі келтірмеуге, өзге тұлғалардың құзырет аясына кірмеуге тиіс».⁶⁴

Андрей Егоров аталмыш тұжырымға қатысты мақаласында пікір білдіру барысында кредиторлар жиналысының өз өкілеттігінің шегінен тыс шығып, қабылданған шешімдерді жарамсыз деп табу қажеттігін айтып өткен болатын.⁶⁵

Тұжырым Б

Әкімшінің борышкердің дәрменсіздігі рәсімдерінің аясында жүзеге асыратын өкілеттігі оның біліктілігін көрсететін болғандықтан, бұл бөлімнің аясында құқық қолданушылық тәжірибеде мәселе туындататын бірнеше құзыреттіліктер зерттеліп өтілді. Осы зерттеу жұмысының негізінде келесідей қорытындылар шығарылды:

(1) Әкімшінің Заңмен бекітілген өкілеттіктерінің шегі Заңнан тыс шығу әкімшілердің қызметіне кері әсерін тигізеді.

(2) Әкімші өзі тіркелген әкімшілік аймақтың территориясында ғана банкроттық не оналту рәсімдерін жүргізуге тағайындалуы тиіс.

(3) Әкімшілердің рәсім аясында өзіне жүктелген өкілеттіктерді басқа тұлғаларға беру арқылы рәсімге үшінші тұлғаларды тарту - оны рәсімнен шеттетуге толық негіз болып табылады.

⁶⁴26.12.2018 ж. РФ Жоғарғы сотының Президиумы «Обор судебной практики по вопросам, связанным с признанием недействительными решений собраний и комитетов кредиторов в процедурах банкротства» // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_314496/

⁶⁵ Егоров А.В. Решения собраний кредиторов при банкротстве: комментарий к Обзору судебной практики Верховного Суда // Журнал Российской школы частного права. 2019 жыл. №5 басылым, 55-89 беттер

ҚОРЫТЫНДЫ

Борышкердің уақытша не тұрақты төлемқабілетсіздігі орын алған кезде әкімші оңалту не банкроттық туралы істі сотқа қарау сәтінен бастап, борышкердің банкроттық не оңалту рәсімінің өзінің логикалық соңына дейін жеткенге дейін, әкімші Заңмен белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асырады. Осы диссертация аясында әкімшінің құқықтық мәртебесін айқындау мақсатында оның заңнама бойынша мәртебесін құрайтын негізгі элементтерді зерттеп өткен болатынбыз, олар: оны қызметінің сипаты, рәсімдерге тағайындалу және шеттету тәртіптері, төленетін сыйақы және атқаратын құзыреттіліктері. Осы әрбір фактор бойынша отандық заңнаманың осалдығынан құқық қолданушылық тәжірибеде көптеген қайшылықтардың болатынын және бірізділіктің сақталмайтындығына диссертация аясында көзіміз жеткен болатын.

Біріншіден, әкімшінің рәсім аясында атқаратын қызметінің сипаты Заңмен анықталмағаны белгілі. Ал әкімшінің қызметінің сипатының негізін оның мақсаты, міндеттері мен қағидаттары құрайды. Осы мәселеге қатысты жүргізген зерттеулеріміздің нәтижесінде келесідей тұжырымдар шығарған болатынбыз: (1) әкімшіні борышкердің не кредиторлардың не мүлктік массаның өкілі, мүддесін білдіруші ретінде қарастырғанымыздың практикалық тұрғыда маңызы аз, өйткені әкімшінің қабылдаған шешімдерінің барлығы борышкер үшін құқықтық салдарлар тудырады; (2) әкімшінің рәсімге тағайындалған сәтте алдына қояр басты мақсаты: «Адалдық, әділдік және парасаттылық қағидаттарын басшылыққа алып, рәсімге қатысушы тұлғалардың заңды мүдделерін бірдей дәрежеде білдіріп, теңдікті қамтамасыз ету» - болып табылады; (3) әкімшінің қызметінің мәні оған жүктелген өкілеттіктерді ғана орындауда жатыр, яғни әкімші белгілі бір борышкердің оңалту не банкроттық рәсіміне борышкерге немесе кредиторларға қызмет ету үшін емес, өзіне Заңмен жүктелген міндеттерді орындау үшін тағайындалады.

Осы айтылған тұжырымдардың негізінде «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңының 12-бабының 1-тармағына келесідей өзгерістер енгізілу ұсынылады:

« 1. Әкімші борышкердің төлемқабілетсіздігі жағдайында сотқа істі қарауға көмектесу және рәсімге қатысушы тұлғалардың мүдделерінің теңдігін сақтау мақсатында өзіне Заңмен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырушы кәсіби қызмет субъектісі.

Әкімші Заңмен берілген құзыреттіктерді жүзеге асыру барысында адал, әділ және парасатты әрекет ету арқылы бейтараптылық танытуы тиіс».

Екіншіден, әкімшіге қойылатын талаптар мен оны шеттету негіздерінің бір-бірімен байланыспай жататын сәті бар. Заңмен уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттық басқарушылар қызметін жүзеге асыруға үміткерлерге қойылатын талаптар айқындалғанымен, бұл процес тағылымдаманы не басқа дайындық бағдарламаларын қамтымайды. Дегенмен, со практикасына жүргізілген анализден көргеніміздей, әкімшілерді рәсімнен шеттетудің басым бөлігі әкімшінің тарапынан кеткен қателіктерді негіз ретінде алатындығы. Осылайша, уәкілетті орган өз тарапынан әкімшілерді болашақ қызметтеріне дайындамастан, олардан көп нәрсе күтеді. Жалпы, тағылымдаманың маңызы туралы диссертацияның алдыңғы бөлігінде айтып өтілді. Сондықтан да уәкілетті органға әкімші мәртебесіне үміткер тұлғаларға арналған тағылымдама бағдарламасын әзірлеп, тағылымдамадан өтуді әрбір үміткерге міндет ету қою қажет. Сәйкесінше, «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңының 12-бабының 3-тармағының екінші абзацына келесідей толықтару енгізілу ұсынылады:

«3) тағылымдамадан өткендігін растайтын құжат қоса беріледі.»

Үшіншіден, әкімшіні оңалту не банкроттық рәсімдерінен шеттетудің бір негізі ретінде кредиторлар жиналысының шешімі көрсетілген болатын, алайда диссертация аясында айқындағанымыздай, әкімшіні кредиторлар жиналысының шешімімен шеттету негізі әкімшінің бейтараптылық қағидасын бек ұстануына және қатысушылардың мүдделерінің теңдігін сақтауына кедергісін келтіретірі хақ. Сонымен қатар, Заң осындай шешімнің негізділігіне, дұрыстылығына бақылау жасауды ешкімге жүктемейді. Демек, кредиторлар жиналысы субъективті тұрғыда оңалиуды не банкроттық басқарушыны рәсімнен шеттете алады. Сондықтан да уәкілетті органға кредиторлар жиналысынан хаттама келіп түскенде, оның негізділігін тексеру жүктелуі тиіс. Осы мақсатта «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңының 12-бабының 7-тармағына келесідей өзгеріс пен толықтыру енгізу ұсынылады:

бірінші, аталмыш тармақтың 2)-тармақшасы келесідей негізбен өзгертілсін:

«2) рәсімге қатысушы тұлғалардың негізді талабымен;»

екінші, осы тармақ келесідей нормамен толықтырылсын:

« Уәкілетті орган оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны белгілі бір борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін орындаудан шеттету туралы рәсімге қатысушы тұлғалардың бірінен талап түскен кезде, бұл талаптың негізділігін тексереді.»

Төртіншіден, сот практикасы көрсеткендей, әкімшілердің арасында императивті норманың болғанына қарамастан, өз өкілеттіктерінің бір бөлігін

қосымша көмекшілерді тағайындау арқылы оларға беру жағдайлары көптеп кездеседі. Өйткені, бұл жағдай Заңда қандай мамандарды оңалту не банкроттық рәсіміне тарту қажеттігі ашық жазылмаған. Сондықтан, ҚР Жоғарғы Сотының «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативті қаулысына келесідей толықтыру ұсынылады:

«23-1. Банкроттық және оңалту рәсімінің аясында тартылған мамандарға көрсететін қызметтеріне ақы төлеу әкімшілік шығыс болып табылады.

Соттардың рәсімге мамандарды тарту шешімін даулау туралы талапты қарау барысында бұл мамандарды тарту себебінің негізділігіне қараған жөн.

Оның негізділігін анықтау үшін маманға жүктелген міндеттердің әкімшінің жүзеге асыра алмайтындығын, осы міндеттерді орындау үшін міндетті түрде арнайы білімді қажет ететіндігін және рәсімге тартылып жатқан маманның осындай арнайы білімге ие екендігін ескеру қажет.

Егерде рәсімге маманды тарту себебінің негізділігі анықталмаса, сот әкімшінің бұл әрекетін заңсыз деп тануы тиіс.»

Бесіншіден, әкімшінің әрекеттері банкроттық немесе оңалту рәсімінің аясында кредиторлармен немесе борышкермен дауланса, әкімші өз құқықтарын қорғауға әбден құқылы. Дегенмен, әкімшінің дауланып жатырған әрекеттері кредиторлар мен борышкердің заңды мүдделеріне, банкроттық не оңалту рәсімдерінің бастапқы мақсатына қайшы келетіндігі анықталса, сот отырысында әкімшінің өкілі ретінде қатысушы заңгерге төленетін сыйақы мүліктік массадан емес, әкімшінің қалтасынан шығуы керек. Сондықтан, ҚР Жоғарғы Сотының «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативті қаулысының 23-тармағына келесідей толықтыру ұсынылады:

«Банкроттық немесе оңалту рәсімінің аясында кредиторлар мен борышкердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін емес, өзінің құқықтары мен мүддесін қорғау үшін сотта оның атынан өкілдік ететін заңгерге төленетін сыйақы әкімшілік шығыс ретінде есептелмейді. Бұл әкімшінің жеке шығыны болып табылады.»

Алтыншыдан, Заңмен әкімшіге өз міндеттерін борышкердің орналасқан жерінде жүзеге асыруы міндеттелген, алайда сот практикасында бұл міндетті әкімшіге кері жұмыс істеуде, яғни әкімші тұрақты тұратын жері мен борышкердің орналасқан жерлері бір әкімшілік аймақ болмауы әбден мүмкін. Ал бұл жағдай әкімшілік шығысты міндетті түрде еселеп көбейтері анық. Сондықтан, «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңның 12-

бабының 6-тармағының әкімшінің өз өкілеттіктерін борышкердің орналасқан жері бойынша орындау міндетін көздейтін бөлігін келесідей нормамен толықтыру ұсынылады:

«Борышкердің орналасқан жері әкімшінің тұрақты тұратын әкімшілік аймағының шегінде болуы тиіс».

Жоғарыда келтірген ұсыныстарымызды диссертациямыздың келесі бөлігінде көрсетілетін қосымшадан (қосымша-1) қазіргі қолданыстағы редакциясымен салыстыра отырып, қарап шығуға болады.

Осылайша, диссертациямыздың аясында банкроттық және оңалту рәсімдерінің аясында қызмет ететін әкімшінің құқықтық мәртебесін айқындауға көмектесетін заңнамалық элементтерді қарастырып шыққан болатынбыз. Бұл зерттеуімізді қорытындылай келе, диссертация аясында жүргізген зерттеуіміз, шығарған тұжырымдарымыз бен ұсыныстарымыз отандық заңнаманың бос орындарын жауып, құқық қолданушылық тәжірибеде кездесетін тұманды сәттерді сейілтуге көмектеседі деген үміттеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

А) Ғылыми еңбектер:

– Рясенцев В.А. Представительство и сделки в современном гражданском праве // М.Статут, 2006. – 603 бет

– Юхнин А.В. Правовые проблемы организации деятельности арбитражных управляющих // Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Москва.2005.

Б) Мақалалар:

– Егоров А.В. Арбитражные управляющие: правовая природа, статус, вознаграждение за труд // Журнал Российской школы частного права. 2019 жыл. №4 басылым

– Шафранов А. П. Правовой статус арбитражного управляющего // Цивилистика. 2020 жыл. №5 басылым.

– Шишмарева Т.П. "Институт несостоятельности в России и Германии" // "Статут", 2015 жыл. // <http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=CMB&n=17874#07507019131972312>

– Филиппов Р.В. Статус конкурсного управляющего. Как судебная практика повлияла на изменения ГК РФ // Арбитражная практика. 2015 жыл. № 4 басылым.// <https://e.arbitr-praktika.ru/385351>

– Бежан А. Собрание кредиторов vs арбитражный управляющий: разграничение компетенций // Арбитражная практика. 2019 жыл. №6 басылым.

– Егоров А.В. Решения собраний кредиторов при банкротстве: комментарий к Обзору судебной практики Верховного Суда // Журнал Российской школы частного права. 2019 жыл. №5 басылым

В) Нормативтік құқықтық актілер:

– «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР 2018 жылғы 5 шілдедегі №176-VI Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000176>

– Постановление Конституционного Суда РФ от 19.12.2005 №12-П «По делу о проверке конституционности абзаца восьмого пункта 1 статьи 20 Федерального закон «О несостоятельности (банкротстве)» в связи с жалобой гражданина А.Г.Меженцева» // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_57463/92d969e26a4326c5d02fa79b8f9cf4994ee5633b/

– «Оналту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31518958

– «Кәсіби бухгалтерлікке кандидаттарды сертификаттауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Премьер- Министрінің Орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы №291 бұйрығы \\ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14E0009620>

– «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсан №269-ХІІ Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

– Ресей Федерациясының 26 қазан 2002 жылғы №127-ФЗ «Дәрменсіздік (банкроттық) туралы» заңы http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_39331/2dcf803c785fb62b5_9e90b2290a3912225baea82/

– ҚР Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020278>

– ҚР Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №345 «Уақытша әкімшінің және уақытша басқарушының негізгі сыйақысының ең төменгі шегін белгілеу туралы» бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020320>

– ҚР Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №344 «Банкроттық басқарушының негізгі сыйақысының ең төменгі және ең жоғарғы шегін белгілеу туралы» бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020321>

– 26.12.2018 ж. РФ Жоғарғы сотының Президиумы ««Обор судебной практики по вопросам, связанным с признанием недействительными решений сотрадий и комитетов кредиторов в процедурах банкротства»» // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_314496/

– «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы №5 нормативті қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000005S>

– "Банкроттық туралы іс бойынша шығындарды өтеу тәртібі туралы" 17.12.2009 N 91 РФ Жоғары Арбитраждық сотының Пленумының қаулысы http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_96486/

Г) Сот шешімдері:

– 23.10.2014 жылы №02-11522/14 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/608608399?12&isScroll=true>

– 03.07.2015 жылы №2-1510/2014 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/656264567?11&isScroll=true>

– 15.12.2016 жылғы №5930-16-00-2/4554/16 сот шешімі <https://bestprofi.com/document/1560753617?4&isScroll=true>

- 5.03.2016 жылғы № 3999-16-00-2a\352 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1556033042?9&isScroll=true>
- 30.10.2019 жылғы №4712-19-00-2/2737 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/2421512439?23&isScroll=true>
- 21.09.2016 жылғы №6309-16-00-2/3015 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1553447579?1&isScroll=true>
- 18.09.2017 жылғы №7527-17-00-2/8212 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1919526121?2&isScroll=true>
- 01.06.2016 жылғы №1112-16-00-2/798 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/932799271?5&isScroll=true>
- 04.11.2016 жылғы №3514-16-00-2/3235 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1555478659?20&isScroll=true>
- 11.08.2017 жылғы №3999-17-00-2a/1543 қаулы
<https://bestprofi.com/document/1921587545?1&isScroll=true>
- 26.06.2013 жылғы № 2К-1098/2013 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/525203462?6&isScroll=true>
- 15.11.2016 жылғы №3514-16-00-2/3504 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1555457579?7&isScroll=true>
- 8.10. 2015 жылғы № 2А-1175/2015 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/674684568?5&isScroll=true>
- 29.11.2018 жылғы №2а- 5237- 18 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/2156922493?10&isScroll=true>
- 09.01.2020 жылғы РФ Он бірінші арбитраждық апелляциялық сотының № А65-27640/2018 шешімі
http://sudrf.kodeks.ru/rospravo/document/564119108?text=&type=&accepted_by_id=&accepted_by=&accepted_date_start=&accepted_date_end=&number=№+A65-27640%2F2018
- 24.01.2020 жылғы жылғы РФ Алтыншы арбитраждық апелляциялық сотының № А04-939/2017 шешімі
http://sudrf.kodeks.ru/rospravo/document/564173200?text=&type=&accepted_by_id=&accepted_by=&accepted_date_start=&accepted_date_end=&number=№+A04-939%2F2017
- 29.07.2020 жылғы №3599-20-00-2a/2380 қаулы
<https://bestprofi.com/document/2421827791?23&isScroll=true>
- 06.12.2016 жылғы №6399-16-00-2a\3159-16 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/1553278330?2&isScroll=true>
- 16.06.2016 жылғы № 7199-16-00-2a-2859 сот шешімі
<https://bestprofi.com/document/932710402?2&isScroll=true>

–	23.01.2017	ЖЫЛҒЫ	№3971-16-00-2/4300	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1508561866?3&isScroll=true				
–	3.05.2016	ЖЫЛҒЫ	№4712-16-00-2/209	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1559049896?2&isScroll=true				
–	15.06.2017	ЖЫЛҒЫ	№3514-17-00-2-2477	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1765621104?4&isScroll=true				
–	19.08.2016	ЖЫЛҒЫ	№ 1513-16-00-2/1424	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1552609412?0&isScroll=true				
–	17.06.2016	ЖЫЛҒЫ	№1112-16-00-2/778	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/932803840?3&isScroll=true				
–	14.12.2015	ЖЫЛҒЫ	№2-18219\2015	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/674620356?3&isScroll=true				
–	30.03.2017	ЖЫЛҒЫ	№5501-17-00-2/623	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1670483183?4&isScroll=true				
–	№5599-17-00-2а/1097	іс бойынша	18.07.2017	ЖЫЛҒЫ	қаулы
	https://bestprofi.com/document/1766606904?6&isScroll=true				
–	27.04.2016	ЖЫЛҒЫ	№3199-16-00-2а/451	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/927614345?57&isScroll=true				
–	22.08.2016	ЖЫЛҒЫ	№3115-16-00-2/1192	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1554523026?58&isScroll=true				
–	04.07.2018	ЖЫЛҒЫ	№3199-18-00-2а/545		қаулы
	https://bestprofi.com/document/2004211231?60&isScroll=true				
–	11.04.2016	ЖЫЛҒЫ	№1199-16-00-2а/369	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/932790485?7&isScroll=true				
–	11.03.2020	ЖЫЛҒЫ	№ 3971-19-00-2/5731	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/2421604579?10&isScroll=true				
–	10.01.2018	ЖЫЛҒЫ	№3115-17-00-2/2608	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1929392700?13&isScroll=true				
–	01.02. 2017	ЖЫЛЫ	№7527-16-00-2/11437	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/1462930199?54&isScroll=true				
–	РФ Жоғарғы Сотының 2019 жылдың 14 қазанында қараған №305-ЭС16-20779 ұйғарымы // https://kad.arbitr.ru/Document/Pdf/2f7804e6-7c52-49e4-8ab3-69f0713fa52b/34de141a-83c2-461e-9184-3cda6f6f01ec/A40-154909-2015_20191014_Opređenje.pdf?isAddStamp=True				
–	06.06.2018	ЖЫЛҒЫ	№7599-18-00-2а/3569	сот	шешімі
	https://bestprofi.com/document/2001546703?1&isScroll=true				

Д) Мемлекеттік органдардың құжаттары:

- ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 9 шілде 2019 жылғы №557701/1 сұрағына жауабы
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37321504
- ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 19 шілде 2018 жылғы №508309 сауалына жауабы
https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39828078#pos=0;0
- ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 25 мамыр 2018 жылғы № 499097/1 сұрағына жауабы
https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32117939
- ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының 9 шілде 2019 жылғы №557722/1 сұрағына жауабы
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34344377

Е) Интернет-ресурс:

- Өздеріне қатысты соттың банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану, банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы шешімі заңды күшіне енген борышкерлер тізімі // <https://kgd.gov.kz/ru/content/spiski-nesostoyatelnyh-dolzchnikov-1-4> (19.05.2021 ж. 22:35)

ҚОСЫМША

Қосымша-1

№	Нормативтік-құқықтық акт	Ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар	Қолданыстағы редакция	Ұсыныс негізі
1	«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының 12-бабының 1-тармағына	<p>1. Әкімші борышкердің төлемқабілетсіздігі жағдайында сотқа істі қарауға көмектесу және рәсімге қатысушы тұлғалардың мүдделерінің теңдігін сақтау мақсатында өзіне Заңмен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырушы кәсіби қызмет субъектісі.</p> <p>Әкімші Заңмен берілген құзыреттіктерді жүзеге асыру барысында адал, әділ және парасатты әрекет ету арқылы бейтараптылық танытуы тиіс.</p>	Толықтыру	<p>Әкімшінің құқықтық мәртебесін анықтауға мүмкіндік беретін норма ретінде 12-бабының 1-тармағына енгізген жөн.</p> <p>Осы ұсынылған толықтыру әкімшінің банкроттық және оңалту рәсімдерінің аясында қызметінің мәнін айқындайды.</p>
2	«Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңының 12-бабының 3-тармағының екінші абзацы	<p>3) тағылымдамадан өткендігін растайтын құжат қоса беріледі.</p>	Толықтыру	<p>Әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар жеке тұлғалар хабарламаларының тізіліміне ензілу үшін қажет саты.</p>

3	«Оңалту және банкроттық туралы» Заңының бабының тармағының тармақшасы ҚР 12-7-2)-	2) рәсімге қатысушы тұлғалардың негізді талабымен;	2) кредиторлар жиналысы оны шеттету туралы шешім қабылдаған;	Әкімшімен бейтараптылық қағидаты сақталуы үшін оңалту не банкроттық рәсімдерге қатысушы барлық тұлғаларға осы құқықтың берілгені жөн.
4	Оңалту және банкроттық туралы» Заңының бабының тармағы ҚР 12-7-	Уәкілетті орган оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны белгілі бір борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін орындаудан шеттету туралы рәсімге қатысушы тұлғалардың бірінен талап түскен кезде, бұл талаптың негізділігін тексереді.	Толықтыру	Алдыңғы ұсынысты толықтыру мақсатында, сондай-ақ әкімшіні шеттету тәртібін бақылау үшін қажет норма.
5	«Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 ҚР	23-1. Банкроттық және оңалту рәсімінің аясында тартылған мамандарға көрсететін қызметтеріне ақы төлеу әкімшілік шығыс болып табылады. Соттардың рәсімге мамандарды тарту шешімін	Толықтыру	Әкімшіге Заңмен берілген құқықты түсіндіру мақсатында, сонымен қатар, рәсімге тартылатын үшінші тұлғалардың қызметінің негізділігін анықтау үшін қажет.

	<p>қазандағы №5 нормативті қаулысының 23-1- тармағы</p>	<p>даулау туралы талапты қарау барысында бұл мамандарды тарту себебінің негізділігіне қараған жөн.</p> <p>Оның негізділігін анықтау үшін маманға жүктелген міндеттердің әкімшінің жүзеге асыра алмайтындығын, осы міндеттерді орындау үшін міндетті түрде арнайы білімді қажет ететідігін және рәсімге тартылып жатқан маманның осында арнайы білімге ие екендігін ескеру қажет.</p> <p>Егерде рәсімге маманды тарту себебінің негізділігі анықталмаса, сот әкімшінің бұл әрекетін заңсыз деп тануы тиіс.</p>		
6	<p>«Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының</p>	<p>Банкроттық немесе оңалту рәсімінің аясында кредиторлар мен борышкердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін емес, өзінің құқықтары мен мүддесін қорғау үшін сотта оның атынан өкілдік ететін</p>	Толықтыру	Алдыңғы ұсынысты толықтыру мақсатында, сонымен бірге әкімшілік шығыстың мақсатына сай пайдаланбауының алдын алу үшін керек.

	2015 жылғы 2 қазандағы №5 нормативті қаулысының 23-тармағы	заңгерге төленетін сыйақы әкімшілік шығыс ретінде есептелмейді. Бұл әкімшінің жеке шығыны болып табылады		
7	Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңның 12-бабының 6-тармағының екінші абзацына	Борышкердің орналасқан жері әкімшінің тұрақты тұратын әкімшілік аймағының шегінде болуы тиіс	Толықтыру	Әкімшінің қызметінің атқаратын территориялық аймақтың кеңеюін болдырмау мақсатымен ұсынылады.